



ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ  
1996 жылдан шығады

# ХАБАРШЫСЫ

HABERLER

ВЕСТНИК

HERALD



3

ТҮРКІСТАН

МАМЫР-МАУСЫМ 1997



**ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ**  
1996 жылдың қарашасынан  
бастап екі айда бір рет шығады

№ 3 мамыр-маусым 1997

**HABERLER**

**ВЕСТНИК**

**HERALD**

### *Гуманитарлық ғылымдар сериясы*

#### **ЖУРНАЛДЫҢ ҚҰРМЕТТІ АЛҚАСЫ:**

##### **ЗЕЙБЕК Намық Кемал**

*- Түркия Республикасының Мемлекеттік министрі,  
Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-  
түрік университеті Өкілетті Кеңесінің төрағасы,  
Қазақстан Республикасы Әлеуметтік ғылымдар  
академиясының академигі*

##### **ЖҰРЫНОВ Мұрат Жұрынұлы**

*- Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің Президенті, химия  
ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Ғылым академиясының академигі.*

##### **ЧАНДАРЛЫОГЛЫ Гүлчин**

*- Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің бірінші вице-  
президенті, тарих ғылымдарының докторы,  
профессор.*

#### **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

**АКТАШ Ш., АЯШЕВ О., ӘШІРОВ Ә., БАЕШОВ Ә., БАЙМАХАНОВ Т.,  
БАЙТЕЛИЕВ Т., БЕРДІБАЕВ Р., ЕСЕНОВ Е., ЕРЖАНОВ М.,  
ИСЛАМҚҰЛОВ Қ., ИЩАНОВ А., КЕРІМБЕКОВ Б., ҚУАНДЫҚОВ Қ.,  
МАДУАНОВ С., МЫРЗАХМЕТОВ М., НҰСҚАБАЕВ О., ПРИВРАТСКИ Б.,  
ЧАМ Н.**

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**

---

<b>ЖАҚЫПОВ Мырзантай Қожабайұлы</b>	- Бас редактордың бірінші орынбасары
<b>ӘБІЛДАЕВА Гүлжан Елібайқызы</b>	- Бас редактордың орынбасары
<b>ИСАҚОВ Әскер Исақұлы</b>	- жауапты хатшы
<b>ҚЫЛДЫРОГЛУ Мехмет</b>	- түрік бөлімінің редакторы
<b>ХУСАЙН Болатбек Хусайнұлы</b>	- компьютерлік-баспа редакторы
<b>МОМБЕКОВА Маржан</b>	- көркемдеуші редактор
<b>ЖӨПШЕВА Дария Қалиярқызы</b>	- ақпараттық-үйлестіру редакторы
<b>БЕГМАНОВ Абзал Назымханұлы</b>	- техникалық редактор
<b>ШӘҢКІБАЕВА Әсем Шәңкібайқызы</b>	- оператор

**Құрылтайшылар:**

---

Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті және редакция ұжымы

*Журнал Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1996 жылғы 8-қазанда тіркеліп, N 232 күделік берілген.*

**Редакцияның мекен-жайы:**

---

487010, Қазақстан Республикасы, Түркістан қаласы, Есімхан алаңы, 2-үй.

☎ (8-325-33) 3-24-65; 3-36-88.

Email: yasawiun@kazmail.asdc.kz

*Журнал Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Компьютерлік-ақпарат басқармасының баспа бөлімінде теріліп, беттеліп, басылды.*

Көлемі 60x90 1/8. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылым.  
Шартты баспа табағы 15. Таралымы 500 дана. Тапсырыс 04.

## МАЗМҰНЫ

### Тарих

ҚОЙГЕЛДИЕВ М.	Тұтас Түркістан идеясы: қалыптасу, даму тарихы және бүгінгі жағдайы	5-12
ШӘЛЕКЕНОВ У.	Түрік дүниесі тарихына кең көлемде қарайық	13-16
АҚТАШ Ш.	Жаңару кезеңі және ұлттық әдебиет	17-19
БЕРШІМБАЕВ С.	Қазақстан республикасы - егеменді, тәуелсіз мемлекет	20-23
ӘБУШӘРІП С.	Тұранның көне тарихын зерттеп-білудің әдіснамалық тармақтары	24-29
ДӘУІРБАЕВА Т. ТАСТАНБЕКОВ М.	Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді шұғыл игерудің қажеттілігі	30-33
ЖАНПЕЙІСОВА Ж. ТЕҢЕСБАЕВ К.	Қазақтың ұлттық интеллигенциясы 1916 жылғы көтерілісте	34-36
ЖЕТІБАЕВ К. ӘЛМАХАНОВА А.	Қазақ зиялыларының қалыптасу қырлары	37-39
БАҚТЫБАЕВ А.	Қазақтардың Қарақалпақстанға көшуі және орналасуы	40-43
ҚОСАНБАЕВ С.	Малға қатысты этнографиялық әдет-ғұрыптар мен ырым-нанымдар	44-46

### Филология

САТТАРОВ Қ.	Ташкент оазисіндегі қазақтардың халық әдебиеті үлгілерін жинау және зерттеу тарихынан	47-50
ЕСЕМБЕКОВ Т.	Прозадағы драматизм	51-53
АЛПАМЫСҰЛЫ М.	Эпостағы батырлар бейнесі	54-57
КЕРІМБЕКОВ М.	Омаров - талантты сыншы	58-61
КАМАЛОВА Ж.	Кітаби ақындардың зерттелуі жайлы	62-64
ТАНАУОВА Ж.	Қазақтың күлдіргі әңгімелерінің зерттелуі	65-66
КӨШЕНОВА Т.	Дәстүр жалғастығы	67-70
ЖАНТАСОВА С.	"Фархад-Шырын" дастанының жаңа нұсқасы	71-72

### Құқықтану

ЖОРАБЕКОВ С.Ж. ЧУКМАЙТОВ Д.С.	Бас бостандығынан айырылып, жазасын өтеп шыққандардың әлеуметтік ортаға бейімделуін ұйымдастырудың келелі мәселелері	73-77
----------------------------------	--	-------

## Педагогика, психология

ХЭТЧ ДЖОН	Қазақстанда американдық әдебиеттерін үйрету: жаңа пән жасау жайындағы тәжірибе	78-86
ТІЛЕУОВА С. МАЛДЫБАЕВА А.	Зейінділік - танымдық белсенділіктің негізі	87-89
РАХМЕТ Ү.	Студенттердің білімін тексеру мен қадағалаудың теориялық және практикалық мәселелері	90-93
АНАРБЕКОВА Ә.	Педагогикадағы келіспеушілік жағдайының ғылымаралық насихатталуы	94-96
ТӨЛБАСОВА Б.	Педагогикалық бағдарламалық құралдар	97-99

## Өнертану

ЧАМ Н.	Исламның өнерге және эстетикаға көзқарасы	100-103
СЕЙТМЕТОВ К.	Серке Қожамқұлов - қазақ классикасындағы кейіпкерлердің тұлғасын жасаушы актер	104-107

**М.ҚОЙГЕЛДИЕВ**

тарих ғылымдарының докторы,  
профессор

**ТҮТАС ТҮРКІСТАН ИДЕЯСЫ: ҚАЛЫПТАСУЫ,  
ДАМУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙ**

*Дана научная оценка идеи "единый Туркестан". Проанализировав ее значение, автор рекомендует рассмотреть данную идею как концепцию развития тюркских народов.*

"Түркі елі", "Түркістан" біз үшін алдымен концепция, ұғым, идея. Ендеше ол қашан, неге байланысты, пайда болды? Біздің түсінігімізше, оның өмірге келуі түркі тайпаларының көрші мемлекеттермен және өзара қырғи-қабақ, соғыс барысында өздерінің ортақ этникалық мүдделерін бірігіп қорғау қажеттілігін ұғынуына, қоғамдық дамуда сондай деңгейге көтерілуіне байланысты. Бұл процесс бізге деректерден белгілі хунндар, үйсін және қанлы дәуірлерінде-ақ жүріп жатты, ал тұтас бір концепция, көзқарас түрінде біржола қалыптасуы VI-VIII ғасырларға, яғни жеке тайпалық емес, жалпы түркілік мүдде негізінде өмірге келген алғашқы түркі мемлекетінің құрылуы кезеңіне түс келеді.

VI ғасырдың орта тұсында қазіргі Моңғолияның жерінде Түркі қағанаты өмірге келді. Оның басында Бумын қаған тұрды. Іргесінде қуатты мемлекеттің пайда болғаны Қытайдағы Тан династиясына (618-907 жж.) ұнай қойған жоқ. Қағанаттың ішкі алауыздығын өршіте отырып, қытайлықтар 680 жылы оны басып алып, елу жыл бойы өзіне тәуелді етті. Түркілер жұртының ақсүйектері қытай билеушілеріне бағынып қана қоймай, балаларына қытай тәрбиесі мен білімін беріп, өздері де солардың атак-дәрежесін қабылдай бастайды. Сөйтіп, Түркілердің мемлекеттік тұтастығы мен елдігіне қауіп төнеді. Осы ойды білдірген үлкен Құттегін жазуы мынадай дейді:

Бектеріңнің, халқының ымырасыздығынан,  
Табғаш\* халқының алдауына сенгендігінен,  
Арбауына көнгендігінен,  
Інлі-ағалының дауласқандығынан,  
Бекті халқының жауласқандығынан,  
Түркі халқы елдігін жойды,  
Қағандығынан айрылды;  
Табғаш халқына бек ұлдары күл болды,  
Пәк қыздары күн болды.  
Түркі бектері түркі атын жоғалтып,  
Түркі бектердің табғаш атын тұтынып,  
Табғаш қағанына бағынды,  
Елу жыл ісін-күшін берді [1].

Міне, осындай ауыр жағдайда Құтлұғ қаған бастаған түркілер жұрты көтеріліске шығып, мемлекеттік дербестігін қалпына келтіреді. Елді біріктірушіге (элтэрэс) деген атак береді.

Елтерістен соң Тан басқыншыларына қарсы күресті Білге қаған, Құттегін және Тоныкөктер жүргізді. Міне, осы үштіктің тұсында "бүгін Түркі елі" концепциясы біржола қалыптасты деп айтуға толық негіз бар. Оған сол тарихи кезеңдегі түркі елінің осы аталған үш ірі қайраткерінің құрметіне қойылған құлпы тастардағы жазулар бола алады. Сондай-ақ бұл белгілер қатардағы батырларға немесе айтулы елбасыларына қойылған белгі ғана емес, елдің елдігі таразыға түскен сын сәтте жалпытүркілік маңызы зор мәселені шешуде сінірген еңбегі өлшеусіз қайраткерлерге көрсетілген түркі жұртының ықыласы да болатын. Құлпы тастардағы жазудың ортақ ойы түркі халқының елдік тұтастық пен тәуелсіздікті сақтауға үндеу. Құттегін үлкен жазуы:

... Көкте түркі тәңірісі,  
Түріктің қасиетті жері, суы былай денті:  
Түркі халқы жойылмасын - дейді,  
Ел болсын - дейді [2].

\*Табғаш - көне түркілер Қытай жұртын солай атаған.

Тарихшы А.Н.Гумилевтың Түркі қағанаты мен Тан династиясы арасындағы тартысты тек мемлекетаралық қақтығыс ретінде ғана емес, сондай-ақ түрлі мәдениеттер, дүниетаным, көзқарастар арасындағы қақтығыс есебінде қарау туралы тұжырымы [3] ерекше мән беруге лайық. Өйткені, бұл мезгіл өзіне тән болмыс-бітімі бар түркілік өркениеттің қалыптасу процесінің аяқталып қалған мезгілі болатын. Көшпелі және егіншілік мәдениеттердің өзара тығыз табиғи байланысына негізделген шаруашылық жүйесінің, түркі тілі мен фонетикалық жазуының, қоғамдық ойының, он екі жануар атынан тұратын жыл санау жүйесінің қалыптасуы соның айғағы еді.

Қорыта айтқанда, Қытай мемлекетімен арада болған мың жылдық тартыс түркілер үшін “тұтас түркі елі” концепциясының – өмірге келуімен аяқталған еді. Түркілердің бұдан былайғы кезеңдегі тағдыры үшін бұл нәтиже қытай қабырғасын тұрғыздан кішкене де кем емес-тін.

VII ғасырдың соңғы ширегінде Тұран жерінің батыс бөлігі араб халифатының құрамына енді. Араб отарлауы алғашқы кезеңде жергілікті экономика мен мәдениетке кері әсерін тигізгенімен кейіннен ол түрлі елдер мен мәдениеттердің арасында қатынастардың кең құлаш жаюына, соның негізінде IX-XI ғасырларда Тұран мен бүкіл Таяу Шығыста бұрын болмаған мәдени синтездің жүруіне жол ашты. Бұл жағдай Тұран халықтарының ұсақ тайпалық бытыраңқылықтан халықтыққа, отырықшы тұрмысқа ден қойып, сауда мен қол өнерді батыл игеріп, орталық мемлекеттік бірлікке өтуіне, ислам діні мен мәдениетінің негізінде рухани кемелдікке көшуіне қажет шарттар түзіп берді. Ортағасырлық Батыс Еуропада латын тілі қандай үлкен мәнге ие болса, халифат территориясында және оған таяу төңіректе де араб тілі сондай универсалды ғылым және әдебиет тіліне айналып үлгірді. Сонымен бірге бұл жағдай, белгілі дәрежеде, түркі тілінің дамуына кері әсерін тигізе бастаған-ды. Міне, осы тұста түркі тілі мен мәдениетін, жалпы түркі өркениетін өшірмеуді, осы биік мақсатқа қызмет жасауды өмірлік мұрат деп білген авторлар шоғыры өмірге келді. Олар “Тұтас түркі елі” концентрациясының жана дәуір, жаңа тарихи кезеңде заман талабына лайық қайта жаңғыру процесін бастап берді (X-XI ғ.). Рухани мәдениет саласында анық та айқын бой көтерген бұл процестің басында Жүсіп Хос Хажыб Баласағұн, Қожа Яссауи және Махмуд Қашғари сияқты ұлы ой иелері, ғалымдар тұрды. Олар, әрине, “Тұтас түркі елі” концепциясын негіздеуді арнайы қолға алған жоқ, бірақ ішкі мазмұны ондай арнайы зерттеуден анағұрлым жоғары, мәңгі өшпес мағынасы бар іс бітірді. Өйткені, бұл аталған ғалымдар түркі тілінде немесе түркілер жөнінде өз еңбектерін жазып, түркі тілінің мүмкіндігін кеңейтіп қана қойған жоқ, сонымен бірге түркі өркениетінің жалпыадамзаттық кеңістікке шығуына жол ашты. Кез-келген өркениет үшін бұдан маңызды іс болмаса керек. Жүсіп Баласағұн:

...Бұл кітапты қабыл алып, қарарсын.

Түркі тілі ғажабына қанарсын.

...Байқап көрсем, жеңілдеді жүгім де.

Айтсам дедім сөзімді ана тілімде[4].

Жалпы бұл тарихи кезең (X-XI ғ.) түркі тілінің араб тілімен қатар ғылым мен жазба әдебиет, философия мен дін, саясат пен құқық тілі мәртебесіне көтерілу кезеңі болатын. Оның мұндай дәрежеге жетуіне араб, мұсылман өркениетінің тигізген ықпалы шексіз мол болды. Басқаша айтқанда, бұл тарихи кезеңде түркі өркениетінің өзін-өзі сезінуі, кемелдікке құлаш сермеуі ислам діні мен араб мәдениеті арқылы іске асты. Бұл тұрғыдан алғанда халифат мәдениеті түркі өркениеті үшін белгілі дәрежеде басқа мәдениеттермен жалғастырушы міндет атқарғандығын жоққа шығару мүмкін емес.

Сонымен бірге осы тарихи кезеңде қалыптасқан түркілер өркениетіне тән оның мынадай ерекшеліктерін атамасқа шарамыз жоқ. Ол, біріншіден, түркілердің көшпенді тұрмыстағы бөлігі ресми түрде ислам дінін қабылдағанымен, күнделікті тіршілігінде өздерінің байырғы діні “көк төңіріне” де сенуін тастамаған. Көшпенді тұрмыс жағдайында басқаша болуы да мүмкін емес-тін. Мешіт, медресе мен мектептің кемдігі, соған байланысты исламның жана жағдайда бейімделуі, сөйтіп екі діни дүниетанымның өзара қабысуы көшпенді тұрмыстың талабына бейімделген үшінші қосынды діни көзқарас пен дүниетанымның өмірге келіп, орнығуына негіз болды. Екіншіден, көшпенді тұрмыстағы түркілер мәдениеті таза ауызша айту дәстүріне негізделді деген тұжырымға ешқандай да негіз жоқ. Жоғарыда аталған Жүсіп Баласағұн мен Қожа Ахмет Яссауи шығармалары екі бірдей дәстүрге, яғни ауызша айту және жазба дәстүріне негізделгенін зерттеушілердің дерлік барлығы да мойындайды. Сондай-ақ бұл жағдай жалпы көшпенді түркілер мәдениетіне ортақ көрініс болатын.

XIII ғасырда Орталық Азияда түркілер тарихында жаңа кезең басталады. Олардың байырғы отаны, қазіргі Моңғолия жерінде түркі және моңғол тайпаларының Шыңғыс хан туы астына бірігу процесі жүріп, оның нәтижесінде өмірге Тынық мұхиттан Шығыс Еуропаның батыс шекарасына дейінгі аралыққа созылған моңғолдар империясы (XIII-XIV ғ.) келді. Әрқашанда зерттеушілердің талдауына ұшырай бермейтін тарихтың ғажап құбылыстары болады. Солардың бірін осы тұста байқаймыз. Сол уақытқа, яғни XIII ғасырға жеткенше түркілердің мемлекет және әскер құру тәжірибесі Шыңғыс және оның мұрагерлері дәуірінде енді моңғолдар мәртебесі қызмет жасайды, тіптен қайсыбір байырғы түркі тайпалары, тарихшы Рашид ад-дин айтқандай, өздерінің түп-төркіні түркі екендігін ұмытып, енді мәртебесі тасып, тасы өрге домалаған моңғолдардың ықпалына бейімделіп, өздерін моңғол одағына жатқызды. Сөйтіп, Жетісу мен Сыр бойындағы Отырар сияқты қала-бекіністердің көп жағдайда сыртындағы алушысы да, ішіндегі қорғанушысы да қандас түркілер еді.

Шыңғыс хан дәуіріне дейінгі түркі жазба және жатқа айтылған шежіре деректеріне негізделген Рашид ад-дин еңбегінен мынадай тұжырымдар жасауға негіз бар. Біріншіден, түркі халықтарының XIII-XIV ғасырлардағы орналасқан территориясы бүгінгі орналасқан аумағымен сәйкес келеді. Екіншіден, Шыңғыс хан бастаған моңғол тайпаларының саяси ықпалының күшеюі барысында қоралас түркі және моңғол тайпаларының [5] өзара этникалық араласу процесі жүріп жатты. Бірақ бұл уақытша жүрген құбылыс түркі тайпаларының біржолата моңғолданып кетуімен аяқталған жоқ. Моңғолдар көнетүркі тайпаларын сіңіре алмады. Көп ұзамай-ақ, олардың қайта жіктелу жолына (дизинтеграция) түскендігін аңғарамыз. Басқаша айтқанда, моңғолдар мен түркілердің бұл жолғы тоғысуы тек өзара этникалық араласуды ғана емес, сонымен бірге белгілі бір мақсатта құрылған саяси одақтық құбылысты еске салатын еді.

XIV ғасырдың соңы және XV ғасырдың басында, моңғолдар империясының ыдырауы барысында түркі халықтары жаңа сападағы қайта жаңғыру жолына түсті. Әмір Темір империясының (XIV ғ. соңы) пайда болуы, Түркістан өңірінің бір сәтке болса да қайтадан экономикалық, мәдени және ғылыми дамуға бет бұруы соның айғағы болатын. Міне, осы тарихи кезеңде "Бүгін түркі елі" идеясы тағы бой көрсетеді. Әмір Темір және басқа хандар сарайында түркі тілі ғылым мен әдебиет тіліне айнала бастайды. Әлішер Науаидың қаламынан туған "Фархад пен Шырын" дастанындағы мына жолдар осы процестің рухани өмір саласындағы көрінісі болатын:

Хосроумын, Низами: ғын дей алман.

Шайырлардың тәңірісі Жамиға да ере алман.

Низами - жеңімпазды, ақылы мол,  
Берда, Ганжа, Румды табындырды ол.

Хосроудың сөзі шырын, тілі бал,  
Үндістанды жаулап алды бір өзі ол.

Бүкіл Иран бір Жәмиды тыңдайды,  
Бүкіл араб Жәми сөзін сыйлайды.

Бірақ, бірақ қалың қауым түркілер,  
Менің қана сөзімді естіп іркілер.

... Шираз бенен түрікменнің даласы,  
Хорасан мен Қытай шебі арасы.

Қайда жүрсін, түркі сөзін ту етіп,  
Сап түзеуге түркілерде бар ерік.

Бұл қисада шетсіз, шексіз мұң толы,  
Жан азабы, биік сезім, сыр толы.

Жаздым үлкен шабытпенен күніге,  
Жанға толы түркі ана тілімді [6].



Өкінішке орай, Түркістан өңірінің бұл жолға жаңғыруы, бұдан бұрынғы, яғни IX-XII ғасырлардағыдай экономикалық және мәдени гүлдеуге ұласқан жоқ. Өмір Темірдің еркінен туған мемлекет басқару ісіндегі "Ереже", Өмірдің Самарқанға жидырған қол-өнер шеберлері, солардың фантазиясынан туып, Түркістан өңіріне түскен ою-өрнекті болған ғимараттар. Ұлықбектің астрономиялық трактаттары мен Бабырдың ғажап жазбалары Түркістан түркілері өркениетіне Батыс Еуропадағыдай рыноктық қатынас және демократия жолына түсуге жетімсіз болып шықты. Ұлы Өмірдің өзі жарық дүниеден кеткен соң көп ұзамай-ақ Түркістан жұрты өзара феодалдық қырқысулардың шырмауына түсті. Жалпы Шығыс әлемін қамтыған ғылым мен техникадағы мешеулік бірнеше жүз жылғы Түркістанды да өз құрсауына алды.

XVIII-XIX ғасырларда жеткен орыстық отарлық билік Түркістанға экономикалық және мәдени жаңғыру алып келген жоқ. Өзінің бірнеше мыңжылдық тарихында отарлық биліктің талай түрін басынан өткізген Түркістан, ресейлік билік әкелгендей озбырлықты көрген емес-тін. Саяси өмірде бүкіл жергілікті билік отаршыл әкімшіліктің қолына ауысты. Ресей империализмі мұнда біржолда орналасу әрекетіне көшті, яғни ішкі ресейлік губерниялардан қоныс аударып келген орыс және басқа еуропалықтар біртіндеп сандық тұрғыдан Түркістан халқының басым бөлігін құрып, орыс билігінің жергілікті тірегіне айналуда тиіс болды. Ал, түркістандықтар әлемдік өркениеттен тыс қалған "түземдіктер" есебінде өзінің "қарабайыр" өмір салтынан, тіршілігінен бас тартып, орыстану жолына түсуі керек еді. Бүкіл ақпараттық құралдарды қолына шоғырландырған метрополиия еуропалық қауымдастықтың көз алдында Түркістанның жергілікті жұрты жөнінде жаңа техника мен технологияны, қоғамдық қатынастар мен мәдениетті қабылдауға құлықсыз, оған қарсы "түземдіктердің" бейнесін жасап, ал өзін тіптен мұнда, яғни Түркістанға еуропалық өркениет пен өмір салтын әкеліп енгізуші етіп көрсетуге тырысты. Ежелгі замандардан әлемдік басқа батыс және шығыс елдерімен тек Ресей арқылы ғана қатынаса алатын еді. Ал, енді ғана өнеркәсіптік даму жолына түскен Ресей болса Түркістанды тек арзан шикізат көзі және өзі өндірген тауарларды өткізетін рынок деп білді. Міне, осындай жағдайда Түркістан 1917 жылғы төңкерістерге жетті.

Патшалық биліктің құлауы, оның артын ала 1917 жылдың соңында орнаған кеңестік билік, оның отаршылдық мазмұндағы алғашқы аяқ алысы "Бүтін Түркістан" идеясының осы тарихи кезеңдегі көрінісіне тән мынадай ерекшеліктерін атап айтқан жөн.

XX ғасырдың басы жеке түркі халықтарының өздерінің дербес ұлттық мемлекетін құруға ұмтылушылығымен сипатталады. Мұндай тенденция, мәселен, қазақ, татар, башқұрт және басқа халықтардың зиялыларының саяси қызметінен анық байқалды. "Алашорда" мен "Еркін Башқортостан" соның көрінісі болатын. Жеке түркі халықтарының дербес мемлекеттікке ұмтылуы олардың бірнеше ғасырлық жетілуінің нәтижесі болатын, сондықтан да табиғи құрылыс есебінде қабылдануға толық құқылы.

Сонымен бірге, бұл процесс "Бүтін Түркістан" идеясының жаңа сапада қайта жаңғыруына келергі болған жоқ. XX ғасырдың алғашқы ширегінде бұл идея, біріншіден, түркі зиялыларының екі буынының (патшалық билік тұсында қалыптасқан және кеңестік билікке тартылған зиялылардың) бірдей қызметіне арқау болса, екіншіден, сол бұрынғыдай кең географиялық ауқымда көрініп, яғни батысында Еділ мен Жайықтан бастап шығысында қазақ даласы мен қырғыз Алатауы аралығындағы түркі жұрттарын түгел қамтыды. Сондай-ақ, оның бұл жолда тууына негіз болған орыстық отаршылдық билік еді.

XX ғасырдың басындағы жалпытүркілік азаттық идеясының күш алуына татар (қырымдық және қазандық) және башқұрт халықтарының зиялылары біраз еңбек етті. Солдай болуы да табиғи құбылыс болатын. Өйткені, орыстық отарлық езгіні ең алдымен басынан өткерген, сондықтан да онымен күрестің бағасын терең ұғынған және осы жолда біраз тәжірибе жинаған да осы халықтар еді. Исмаил Гаспиринскийдің "Тәржіман", Фатих Каримовтың "Уақыт" газеттері, татар зиялылары ұйымдастарған баспаханалар, олар бастап берген жаңа әдістік оқыту белгілі дәрежеде жалпытүркілік азаттық идеясына, қайта жаңғыруына қызмет жасады. Жалпытүркілік азаттық идеясына ғасыр басында түркі жұрттары арасында тарыдай шашырап жүрген сұлтан тұқымдары да қосылып, демеу беріп отырды. Заки Валиди Тоған өзінің естеліктерінде 1905-1907 жылдары белгілі ақсүйек сұлтан ұрпақтары Галиаскар Сыртланов пен Сәлімгерей Жантөриннің ресейлік түркілердің "территориялық автономия" құқы үшін күресіне қолдау жасап, солардың көмегімен Габрашит-Қазый Ибрагимовтың "Автономия" деген кітапша бастырып шығарғандығын айтады [7]. Осы сияқты әрекеттер кейіннен бүкіл ресейлік түркі зиялыларының арасында үлкен беделге ие болған федералистер қозғалысына ұласты.

Дегенмен, XX ғасырдың бас кезіндегі ресейлік түркілік азаттық қозғалыстың болмысы бұрынғы кезеңдермен салыстырғанда анағұрлым күрделене түскендігін мойындау керек. Басқаша айтқанда, ол көзқарастық тұрғыдан тек бір бағытқа бет бұрған қолдаушылардан тұрмайтын. Империя көлемін түгелдей қамтыған түрлі саяси ағымдар түркі халықтарының азаттық қозғалысына да өз ықпалын тигізуге тырысты. Олардың арасында кадеттер партиясы, социал-демократия, дін үшін қозғалыс және басқалары бар еді. Осы тарихи кезеңдегі азаттық үшін күрес тәжірибесін таразылаған Мұстафа Шоқайдың мынадай үш кемшілігін көлденең тартады. Олар, біріншіден, түркі елі зиялыларының орыс революцияшыл демократтарына сеніп, оған арқа сүйеу арқылы бостандық алудан үміттенуі, екіншіден, ендігі бір топтағылардың саяси табысқа дұға арқылы жететініне сенгендігі және үшіншіден, бұларға қосымша қозғалыс басшыларында саяси кемелдіктің жетіспегендігі, жалпы қозғалыстың басын біріктіретін ортақ бағдарламаның болмауы, өзара түсінісе алмаушылықтың етек алуы еді.

М.Шоқай бұл жасаған тұжырымдарын анықтай түсіп, тарихи шындықтың терен қатпарына жетелейтін мынадай қорытындыға келген болатын: "Кейінірек құрылып, аз уақыт өмір сүрген түрлі ұлттық тәуелсіз үкіметтердің (бұл арада алдымен Қоқан автономиясы, Алашорда, Башқортостан республикасы және басқа үкіметтерді айтып отыр - авт.) тәжірибесі бізге бір жағынан орыстың төңкерісшіл демократиясына деген жалпы сенімсіздіктің жаңсақтығын дәлелдеді. Ал, екінші жақтан, ашығын айту керек, қандай да бір елде аз халықтың өз мемлекетін құрып, оны Ресей империализмі шеңгелінен өз күшімен қорғай алуы секілді пікірдің де жаңсақ екендігін көрсетті" [8].

Кеңестер билігі біржола салтанат құрғаннан кейінгі уақытта, анығырақ айтқанда 20-шы жылдары тұтас түркі елінің азаттығын қамтамасыз ету әрекеті енді кеңестік билік шеңберінде өз жатғасын тапты. Сондай-ақ, осы күрестің бастаушысы ролінде болған жаңа зиялылар буыны көп ұзамай-ақ, яғни осы 20-шы жылдардың соңына қарай бұл іргелі мақсатқа жаңа большевиктік билік жағдайында қол жеткізу мүмкін емес екендігіне анық көз жеткізген. Енді осы процеске қысқаша тоқталып өтейік.

Метрополитияда қазан революциясы және салысымен оның ізінше Ташкенде болып өткен советтердің түркістандық өлкелік III съезі ұлттық автономия идеясын қабылдай алмайтындығын ашық көрсетті. Съез өлкедегі биліктің 14 адамынан тұратын Түркістан Халық Комиссарлары Кеңесінің құзырына өтетіндігін мәлімдеп, тек еуропалық халықтардың өкілдерінен тұрған үкімет құрамын бекітті, ал орталық билік пен В.И.Ленинге жолдаған телеграммасында өзінің негізгі міндетін орталықтың барлық декреттерін өмірге енгізіп отыру деп белгіледі.

Міне, осындай жағдайда 1917 жылғы 26 қарашада Қоқан қаласында болып өткен IV төтенше өлкелік мұсылмандар съезі Түркістан өлкесін жергілікті халықтардың саяси тәуелсіздігін қамтамасыз етуді мұрат тұтқан автономия жариялап, сонымен бірге оның құрамындағы "тұрып жатқан басқа да халықтардың құқығы толық сақталатындығын салтанатты түрде мәлімдейді" [9]. Съез құрған Түркістан Уақытша Кеңесіндегі 54 орынның үштен бірі (18) сол тұстағы Түркістан халқының 7 процентін құрған еуропалық тұрғындардың үлесіне тиді [10].

Қоқан (Түркістан) автономиясының өмірге келуі Түркістан халықтарының саяси, экономикалық және рухани дербестікке ұмтылысының көрінісі болатын. Бірақ большевиктер билігі жергілікті жұрттың мұндай табиғи талабымен есептескен жоқ. Қоқан қаласын қанға бояп, автономия үкіметін күшпен таратып жіберді. Бұл жолғы түркістандықтардың еркін білдіруші патшалық билікпен күресте қалыптасқан ұлт зиялылары еді. Олар қоғамдық мәселелерді шешудің большевиктік бағдарламасын қуаттамады, ал Түркістан жұртына ұлттық автономия талап етіп, жергілікті мәселелерді халықтың тікелей қатысуымен құрылған билік арқылы шешуді көздеді. Міне, осы платформада тұрған зиялылардың басында Мүннәуәр Қари, Махмут қожа Бехбуди, Убайдулла Ходжаев, Мұстафа Шоқай және басқа көзқарастық тұрғыдан біркелкі емес кісілер тұрды. М.Шоқайдың бұл бағыттағы қызметі төменде сөз болады.

Бүгін және азат Түркістан платформасын қолдап, сол үшін қызмет жасаған кеңестік зиялылардың арасынан ең алдымен, әрине, Мирсаид Сұлтанғалиев пен Тұрар Рысқұловтың қызметі бөліп атауға лайық. Бұл арада олардың қарап отырған мәселеге қатысты пікірлеріне толық тоқталу мүмкін емес. Сондықтан аталған қайраткерлердің мәселеге қатысты негізгі тұжырымдарына ғана көңіл аударайық. Т.Рысқұлов ол жөнінде өзінің "Түркістанның автономиялығы туралы тезистерінде" мынадай ойды айтады:

"1-бап. Сырдария, Жетісу, Ферғана, Самарқанд және Закаспий облыстарынан тұратын Түркістан-Қырғыз (қазақ), өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қыпшақ, татар, тараншы (үйғыр), дұңған және т.б. сондай-ақ түркі тұқымдас емес тәжіктер мен түздік еврейлерді қоса отырып, түркі халықтарының елі (отаны) деп саналсын, ал қалған орын, еврей, армян және тағы басқалары келімсек элементтер деп есептелсін" [11].

"4-бап. Қазіргі социалистік құрылыс кезінде территориялық ғана емес, сондай-ақ ұлттар арасындағы шекаралық белгілер де бірте-бірте жойылатын уақытта, Түркістанның бес облысының шегінен тұратын географиялық шекарасы қандай да бір түйықталған шекара деп саналмай, қайта Түрік Кеңес Республикасының құрамына мүшелікке өткізі келетін жаңа республикалардың қабылдануына мүмкіндік бар деп есептелсін..."

"6-бап. Еңбекшілер мен қанаған халықтарды интернационалды жолмен біріктіру мақсаты үшін, түркі халықтарының: татар, қырғыз (қырғыз және қазақ), башқұрт, өзбек және т.б. болып бөлініп, жеке ұсақ республикалар құруға ұмтылу идеясын коммунистік үгіт жолмен жою және біртұтастық мақсаты үшін РСФСР құрамына кіретін басқа түркі халықтарын Түрік Кеңес Республикасының төңірегіне топтастыру қажет, ал бұған жету мүмкін болмаған жағдайда жеке түркі халықтарын белгілеріне қарай өзара біріктіруге ұмтылу керек" [11].

1920 жылы қаңтар айында Ташкенде болып өткен мүсбюронның үшінші төтенше конференциясының тапқысына түсіп, қабылданған бұл тезистер бойынша Түркі Республикасы кеңестік негіздегі ұлттық автономия болуы тиіс еді. "Ұлттық" және "мемлекеттік" деген ұғымдардың большевиктік платформаға өзара сыйса алмайтындығы түсінікті. Дегенмен, кеңестік биліктің алғашқы жылдары бұл ұғымдар өзара сыйса алады деп түсінген қайраткерлердің болғанын жоққа шығара алмаймыз.

Тұрар Рысқұлов пен оның пікірлес серіктері ол кездегі мемлекеттік билікті ғана емес, тіптен коммунистік партияны да ұлттық негізде құруға болады деп сенді. Т.Рысқұловтың аталған тезистерінде болашақ Түркі Республикасындағы коммунистік ұйымды "Түркі халықтарының Коммунистік партиясы" деп атауды ұсынуы соның көрінісі болатын [11]. Тура осындай пікір Түркі Республикасының әскері туралы да айтылды.

Қорыта айтқанда, Түркі Республикасы болашақта ресейлік түркілердің басын біріктіретін Ресей Кеңестік Федеративтік Республикасы құрамындағы түркілердің өзін-өзі басқаруын қамтамасыз етуге тиіс автономиялық принципке негізделген мемлекет. Бұл арада көңіл аударуға лайық мәселе Түркі Республикасы басқа түркі мемлекеттік құрылымдары үшін үнемі ашық, ал болашақта олар ұлттық белгілеріне қарай тұтас бір мемлекет шеңберінде конференциялық негізде біріге алады. Кеңестік биліктің кейінгі жылдардағы бет алысы көрсетіп бергендей Т.Рысқұловтың пікірі революциялық энтузиазмнен тұтан сол тарихи кезеңдегі советтік шындықтың өгей баласындай құбылыс еді. Империяның астанасында болған, оның жергілікті билік орындарында болсын оған құлақ түріп, жылы шырай танытатын жоғары құзырлы мекеме де, жеке басшылар да жоқ еді. Оны Сұлтанғалиевтің тағдыры анық байқатты.

Мирсаид Сұлтанғалиевтің пікірі бойынша Ресей Рим империясы, Араб халифаты, Шыңғыс хан, Темір және Осман империялары жүрген жолмен жүріп, ыдырауға ұшыраған империя. Оның орнына келген КСРО-да мәңгі емес, өткінші құбылыс. Бұлардың сілемінде дербес ұлттық мемлекеттік құрылымдардың бой көтерері анық және ол табиғи нәрсе. Міне, осындай тарихи жағдайда КСРО құрамында түркі халықтарының бүтін бір мемлекеттік организмге бірігері хақ. Оған болшақта іргедегі Шығыс Түркістанның, Ауғанстан мен Персиядағы түркі аудандарының ынғай білдіруі толық ықтимал. "Менің пікірімше,-деп жазды М.Сұлтанғалиев, - әлемде бұл процестің одан әрі тереңдей түсуін тоқтата алатын күш жоқ, өйткені өзінің ішкі мазмұны жағынан бұл процесс өте прогрессивті және революцияшыл қозғалыс болып табылады. Оны сәл соза түсуге, келергілер қойып "тоқтата" тұруға болар, бірақ біржола тоқтатып тастау немесе жіберу мүмкін емес" [12]. Бұл оның 1929 жылы жасаған тұжырымы еді.

М.Сұлтанғалиев Т.Рысқұлов пен М.Шоқай сияқты кеңес үкіметінің Түркістан халықтарын жеке республикаларға жіктеу саясатын қуаттай алмады және оны ашық білдірді де: "Маған ... Кеңестік билік пен партия ... түркі халықтарын тайпалық белгілері бойынша жікке бөлу саясатын қайта қараулары керек сияқты болып көрінді, өйткені қатайып келе жатқан реакциялық күштерге түркілік ұлттық кеңестік республикаларды біртіндеп жұтып қою жеңілрек болмақ, ал олар бүтін болса оны істей алмайды" [12].

М.Сұлтанғалиев тура осы пікірді басқа бір еңбегінде тағы да қайталады. Ол "Мәскеу бүтін Түркістанды экономикалық және саяси жағынан әлсіз ету үшін Тұран халықтарын жеке ұсақ тайпаларға жіктеуде, бірақ екі жыл да өтпей-ақ бөлшектеуде

ұшыраған туған жұртты қайтадан бүтіндігін қалпына келтіру жөнінде айта бастайтын болады және бұрынғыдан да қуатты, ұйымдасқан мемлекеттік тұтастыққа өтері хақ " [13] деп жазды.

Қуыршақ республикалар одағын құру сырт көзге ұлттар теңдігін қалайтын болып көрінгенімен, ал шын мәнінде ұлтаралық қатынасты сырты қызыл, іші ақ (редисочный) мазмұндағы саясатты жүргізуші жаңа ұлы державалық бағыттағылардың әрекеті екендігін Т.Рысқұловтың да, М. Сұлтанғалиевтың да тура түсінгендігін уақыттың өзі көрсетіп берді. Қауқары жоқ, құқықсыз республикалар жасау барлық жерде великоросстардың үстемдігін қамтамасыз ете алатын "бүтін, бөлінбейтін Ресей" жасауға апаратын төте жол еді. Бірақ адамзаттық тәжірибе көрсетіп бергендей "бүтін, бөлінбейтін" империя болмайды. Советтік империя да тек тарих шежіресі тізімінде ғана сақталмақ империялар қатарына қосылды.

Сонымен қорыта айтқанда, "Түркі елі" идеясының өмірге келу мезгілі түркі халықтарының тарих сахнасына шығып, өзін қоршаған түркі этникалық, мемлекеттік құрылымдарымен қатынасқа түсе бастаған біздің эрамызға дейінгі мыңжылдықтың соңы және біздің эрамыздың алғашқы жүзжылдықтарына түс келеді. Ал, оның өмірге келіп, түрлі електен өтіп, әлеуметтік-саяси және рухани фактор есебінде халықаралық қатынасты біржола орнығуы Тұран-Қытай, Тұран-Иран, Тұран-Эллиндер әлемі, Тұран-Араб халифаты, Тұран-Моңғол, Тұран-Жоңғар, Тұран-Ресей сияқты өзара сабақтас қатынастар ағысында түркі халықтарының өздерінің ортақ тарихи мүддесін ұғынып, сол үшін саналы да мақсатты түрде күрес жүргізуімен тікелей байланысты. Орталық Азия тарихында өшпестей із қалдырған түркі-қытай, түркі-парсы, түркі-араб, түркі-жоңғар соғыстары "тұтас Түркістан" идеясының өміршеңдік сипатын нығайта түспесе, әлсіреткен емес. Ресей империясы Түркістанға біржола және желел орнығып алмайынша Англия және Қытай сияқты бақталастарымен күресте тарихи ұтылысқа ұшырайтындығын жақсы түсінді, қазір де солай.

Басқаша айтқанда, "тұтас Түркістан" идеясы түркі халықтарымен бірге өмірге келіп, заманалар тезінен өтіп, олар үшін түрлі ауыр тарихи кезеңдерге қорғаныс иммунитеті міндетін атқарған аса маңызды фактор болып келді. Ал, бұл идеяның авторы жоғарыда аталған тарих сындарынан сабақ алған түркі жұрты. Түрлі тарихи заманаларда бұл идеяны білдірушілер қатарында "Күлтегін" жазуының авторы Жүсіп Баласағұн, Әлішер Науаи, Мағжан Жұмабай және осы сияқты заңғар тұлғалар тұрды. Көне Түркістан жеріне түрлі тарихи дәуірлерде келіп орын теуіп, бірін-бірі ығыстыруға тырысқан діни, таптық, этникалық, мәдени және басқа идеологиялық концепциялардан "Тұтас Түркістан" идеясының өміршең болғандығын өмірдің өзі көрсетіп берді. Түркістан жұрты мен жерін ауыр азапқа салған қоғамдық катаклизмдерден соң бұл идея мәңгі өлмейтін сфинкстей қайта жаңғырып отырды.

Мұстафа Шоқай, міне, осы тарих тезінде өмірге келіп, заманнан заманға, ұрпақтан ұрпаққа ұласып отырған "Тұтас Түркістан" (басқаша "Ұлы Түркістан") идеясының тағдыр тартқан және күрделі дәуірдегі жалғастырушысы болды. "Түркістан" ұғымының тарихи шындық және өмірлік сұраныстан туған қажеттілік екендігін жалынды насихаттаушы ғана емес, сонымен бірге бұл идеяға өмірін арнаған ұлы күрескер дәрежесіне көтерілді.

Көне Түркістан тарих көшінде әлденеше рет басынан өткерген өзара өзектес сәттердің бірін, яғни белгілі бір кезеңде пайда болып, енді ыдырап, тарих сахнасынан кеткен жат жұрттық империяның құрығынан құтылар жағдайды тағы да басынан кешіріп отыр. Мұндай тарихи жағдайда туатын табиғи көп сауалдың бірі "Түркістанның ендігі тағдыры қандай болмақ? Көп бұтақты түркі жұрты қайткенде тәуелсіздігімен, өзге елдермен теңдігін сактай отырып, әлемдік өркениет жолына түспек?" ХХ ғасырда осындай сауалдарға жауап іздеп, Түркістан халықтары үшін аса маңызды болуға тиіс тұжырымды жасаған оның адал перзенттерінің бірі Мұстафа Шоқайұлы еді. Біз шағын ізденісімізде бұл қайраткердің "Тұтас түркі елі" идеясы үшін күресте алатын орыны жөнінде ой қорытуды жөн көрдік. Сондай-ақ, бұл идеяға М.Шоқаймен бір мезгілде онымен тағдырлас эмигрант отандасымыз, саяси қайраткер және ғалым Заки Валиди Тоған және басқалардың да қызмет жасағанын айтпай өту әділетсіздік болар еді.

## Ә Д Е Б И Е Т Т Е Р :

1. *"Көне түркі жазба ескерткіші". Аударып, алғысөзін жазған М.Жолдасбеков. А., 1986. 45-бет.*
2. *Иоллыгтегін. Күлтегін., 47 б.*
3. *А.Н.Гумилев. Древние тюрки. М., 1993, с.337.*
4. *Жүсіп Баласағұн. Кутты білік. Аударған А.Егеубаев. Алматы, 1986, 42,68 б.*
5. *Рашид-ад Дин моңғол тайпаларының тегін түркілерден таратады, моңғолдарды сол тұстағы түркілердің бір бұтағына жатқызады. Дегенмен, бұл әлі толық зерттеуін таппаған мәселе.*

6. Навои Алишер. Поэмы. Перевод со староузбекского. М., 1972, С.328-329. Үзінді автордың аудармасында берілді.
7. Заки Валиди Тоган. Воспоминания Кн.1. Уфа, 1994, с.160.
8. Мұстафа Шоқай. Мария Шоқай. Естеліктер. Истанбул, 1997, 55-56-б.
9. "Туркестанский вестник" газеті, 1917, 9-желтоқсан.
10. Кишов С. Военно-организаторская деятельность Коммунистической партии в средней Азии в 1917-1924 гг. Ташкент, 1987. С.17.
11. Т.Рыскуловтың тезистері мен олардың мазмұны О.Қоныратбаевтың "Тұрар Рыскулов. Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі" (А., 1994, 129-135 б.) атты монографиясы бойынша беріп отырмыз
12. Мирсаид Султанғалиев. Статьи. Выступления. Документы. Казань, 1992, с.469.
13. М.Султанғалиев. Некоторые наши соображения об основах социально-политического, экономического и культурного развития тюркских народов Азии и Европы - Журнал "Ғасырлар авазы. Эхо веков" (Казань), 1995, май, с. 130.

У.Х.ШӘЛЕКЕНОВ

тарих ғылымдарының докторы,  
профессор

## ТҮРІК ДҮНИЕСІНІҢ ТАРИХЫНА КЕҢ КӨЛЕМДЕ ҚАРАЙЫҚ

*Рассмотрена богатая, многовековая духовная культура тюрков в Туркестане. Сделаны научные выводы о локализации столицы Западного Тюркского Каганата.*

Бүгінгі Түркістан шаһарындағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде өтіп жатқан “Түрік тарихының мәселелері” халықаралық симпозиумының ғылыми және тарихи мәні зор. Өйткені, дүние жүзіндегі түрік елдері ғалымдарының бірінші рет басын қосып, түрік дүниесінің мәселелеріне ғылыми тұрғыдан қарап, олардың келешегін болжау күрделі мәселе. Оның Түркістан жерінде, ертедегі орталығы Түркістан шаһарында өтуі кездейсоқ оқиға емес. Дүниедегі түріктердің ертедегі ата-бабаларының Отанын құрметтеуі және оның қасиетті жер екеніне тәжім етуі деп түсінеміз. Бұдан шамамен мың жыл бұрын барлық түрік дүниесінің Отаны Түркістан болып, осы жерде туып-өсіп, өздерінің заттай және рухани мәдениетін пайда етіп, оны кемеліне келтіргенше дамытып, әлемдік мәдениетке өздерінің үлесін қосқан.

Түрік мәдениетінің өрлеген дәуірлері жөнінде әр түрлі пікірлер бар. Ағылшын ғалымы Каролина Финкел: “XV-XVI ғасырлар, бұл уақытты Османлы немесе түрік-ислам ғасыры деп қабылдаймыз”-десе; Токио университетінің профессоры Тадасхи Сизоки: “XVI ғасырда бүкіл дүниеде үш үлкен мемлекет үкім жүргізді: Сафавилер, Османлылар және Бабурлықтар.... Осы тұрғыдан қарағанда, XVI ғасырдың артықшылығын байқаймыз”. - деген пікірді айта; Түркия профессоры Абдулқадір Өзжан: “XV-XVII ғасырларда Османлы мемлекеті Еуропаға енген тұста, Үндістанда Бабур үкім жүргізді. Ислам дінін тарқатушылар сол кезеңде шығыста да, батыста да түріктер еді... XV-XVI ғасырларда османдықтардың Батыс Еуропа елдеріне үлкен әсері болды”[1].

Бұл келтірілген ғалымдардың жалпы пікірлері XV-XVI ғасырлар түрік ғасыры болды және жалпы түрік дүниесінің мәдени дәрежесі жоғары болған деген тұжырымға келеді. Әлбетте, айтылып отырған ғасырларда түріктер ежелгі Түркістаннан Оңтүстік, Таяу Азия елдеріне таралып, Еуропаға дейін жетіп, ол жердің халықтарына саяси, мәдени ықпал жасағандарына күмән келтіруге болмайды.

Бірақ, XV-XVI ғасырлар түрік әлемі мәдени өрлеген деген пікір шындыққа келіңкіремейтін сияқты. Бұл кезеңдер түрік дүниесінің ыдырай бастаған кезеңі болып, олардың кейбір бөліктері ежелгі Отанынан шығып, басқа аймақтарға барып, үлкен мемлекеттер құрған. Осыған орай қазақтың ұлы перзенттерінің бірі Мағжан Жұмабаевтың мына жолдарын келтірейік:

...” Көп түрік енші алысып тарасқанда,

Қазаққа қара шаңырақ қалған жоқ па ”[2].

XV-XVI ғасырларда, осындай бытыраңшылыққа ұшырап, бір-бірінен қандас түріктер қашықтағандықтан, IX-XII ғасырларда гүлдеген /рессаны/ дәрежеге жеткен түріктердің мәдениеті бірте-бірте төмендей берген. Бұл пікірді дәлелдеу үшін, ертедегі орта ғасырда түрік әлемінің ұлы ғұламаларының кейбіреуін тілге тиек етелік: Әл-Хорезми /IX/, Әл-Бируни /X-XI/, Ибн Сина /Авиценна XI/, Әл-Фараби /IX-X/, Ж.Баласағұни /XI/, М.Қашқари /XI/, Қ.А.Яссауи және т.б.

Белгілі шығыстанушы Әбсаттар Дербісәлиев “Қазақ даласының жұлдыздары” атты кітабында ортағасырда қазақ жерінен өрбіген ғалымдардың өмірі мен қызметіне, шығармашылығына хронологиялық тәртіппен жеке-жеке тоқталған. Бұрын олардың бірлі-жарымынан хабардар болсақ, енді сол кездегі ірі-ірі қалалардан шыққан ғұламаларды білуге қол жеткердік. Отырар шаһарынан- II, Сайрам мен Түркістаннан - II, Сырдың орта және төменгі ағыстарында орналасқан қалалардан - 10, Тараз /Талас/ - 6 және өздерінің шыққан руларының аттарымен аталған - 13 /аты аталған кітапты қараңыз/ .

Осы монографияға енген ғұламалардың жалпы саны 51 болса, олардың 34-інің жасаған кезеңдері IX-III ғасырларға тура келсе, ал 17-сі XIV-XV ғасырларда өмір сүрген. Осы деректерге қарағанда, жалпы түріктердің мәдениеті алға өрлеп, олардың арасынан дүниеге белгілі көптеген ғалымдардың шыққан кезеңі IX-XIII ғасырлар болды деген

тұжырымға келуге болады. Осы кезеңдерге түрік әлемі өзінің мекені Түркістанда өмір сүріп, шаруашылығын мейлінше дамытып, олардың ірі-ірі шаһарлары мәдениеттің, ғылымның орталығына айналған. Ұлы Жібек жолы арқылы көршілерімен және алыстағы елдермен сауда қарым-қатынасын жүргізген. Соған қарағанда, IX-XIII ғасырларда түрік әлемінің жалпы бірлігі болып, соның нәтижесінде түріктердің өркениетті алға ілгерілеуіне алып келген.

Сол кездегі түрік мәдениетінің ірі орталығы болған, Сығанақ шаһарының алдына жазылған бәйітті Ә.Дербісәлиев жоғарыдағы аты аталған кітабының мұқабасында берген:

“Бұрын бұл қамсыз ел еді,  
“Ниһаяны” құрастырған.  
“Һидаяны” зерлеген,  
Ғұламалар мекені.  
Тағдыр жазса, тағы да  
Сығанақтық болар ек.  
Сәби өмір бой көтерсе кезені”.

Бұл бәйітте, жалпы түрік халқының бейбітшілікте өмір сүріп, өздерінің рухани мәдениетін дамытқан дәуірлерді бастарынан өткергенін баяндайды. Сондай өмірдің айнарларының бірі Сығанақ шаһарының болғанын баяндаймыз. Бұл бейбітшілік кезең бүліншілікке ұшырап, Сығанақ сияқты мәдени орталықтардың күйзеліске ұшырағанына тоқталып, алда да тыныштық болар, бұндай шаһарларымыз қалпына келіп, онда мәдениетіміз өркендер деген үмітті білдіреді.

Міне, осындай түрік елінің тыныштығын бұзған монғолдардың, кейін көп жылға созылған жонғарларға қарсы жүргізілген түріктердің азаттық күресі сияқты тарихи оқиғалар, түрік дүниесінің ыдырауына себепкер болды. Түріктердің осындай жағдайға ұшырауы, олардың бұрынғы гүлденген мәдениеттің төмендей бастауына себепкер болғанмен, бұрынғы өркендеген мәдениеттің әсері кейінгі ұрпақтарға өзінің қолайлы ықпалын тигізіп отырған. Сондықтан да, XIV-XVIII ғғ. Түрік дүниесінен білімді азаматтар және белгілі ғұламалар дүниеге келген. Бірақ, бұл кезеңдегі мәдениеттің даму деңгейі IX-XIII ғғ. қарағанда төмендей түскені байқалады. Солай болса да, әрбір аймақтағы түріктердің арасынан мәдениеттің ірі өкілдері шығып тұрған. Науаи, Абай Құнанбаев, Мақтым Қули және басқалар.

Жалпы түріктердің ыдырауынан кейін, олардың мәдениеті қалай дамыды деген пікірге қысқаша тоқталмақшымыз. Түркістанда қалып қойған, “қара шаңырақтың” мирасқорлары ежелгі түрік мәдениетін сақтап қалды және тарихтың әрқилы тәлкектеріне ұшыраса да, оның сақтаушысы ретінде өмір сүрді. Ал, Түркістаннан шығып кетіп, бөтен аймақтағы халықтармен араласып, өздерінің ерлігі мен жана түрік елдерін құрды. Сөйтіп, олардың “өз елдері және бабаларының өрбіген Отаны Түркістан” екенін ұмытқан жоқ. Ежелгі Отанынан шығып кеткен түріктердің көне тас дәуірінен бастап, XIII-XIV ғасырлардағы мәдениет Түркістан елінің топырағында жатыр да, шетке шығып кеткен қандастарымыздың 6 жүз жылдан астам тарихы жердің бетіне орналасқан. Солай болса, қазіргі кезде барлық түрік әлемінің басын қосамыз деген тілекті іске асыру үшін, Түркістан жеріндегі көне мәдениетті бас қосып зерттеуіміз қажет. Олардың көпшілігі археологиялық сәулетті ескерткіштер күйінде сақталып келді: ертедегі қоныстардың орындары; обалар, тасқа жазылған таңбалар, жазулар, мәйіттің үстіне орнатқан күмбездер және т.б.

Олардың саны өте көп. Тек 1960 жылы жарық көрген “Қазақстанның археологиялық картасында” 5 мыңнан астам ескерткіштер кірген. Олар тас, қола, темір және ортағасыр дәуірлеріндегі бабаларымыздың мәдени дәрежесін баяндайтын кітап сияқты. Ол кітапты барлық түрік әлемінің ғалымдары бас қосып оқулары керек. Бұл ескерткіштерді жергілікті ғалымдар зерттеп, тамаша деректер жинады. Бірақ, олардың басым көпшілігі әлі де болса жарық көре алмай келе жатыр. Сол деректердің негізінде кітаптар, археологиялық жиынтық /свод/, альбомдар, кинолар шығаруға тиістіміз. Сондай ғалымдардың бірлескен зерттеулері жалпы түрік әлемінің тарихын, әдебиетін, тілін жазуға алып келуі тиіс. Сонда ғана, түрік әлемінің рухани байлығының даму дәрежесі белгілі болады және олар жастарды рухтандырады.

Түріктер ерте заманнан көп салалы шаруашылықты дамытып, отырықшы аймақтарда ауылдар, қалалар салған. Бұл пікірді дәлелдейтін археологиялық және әдеби деректер жеткілікті. Солардың бірі XI ғ. өмір сүрген жерлесіміз, ғұлама ғалым Жүсіп Баласағұн өткенге ой тастаған:

...Болған талай қалалар да, халық та,  
Уақыт көмді бәрін жердей табытқа.  
Болған талай аулымыз, тайнамыз,  
Енді соның ізін тауып байқаныз [3]...

Бұл келтірілген үзіндіден, ғұламаның айтуынша түріктердің көптеген қалалары мен ауылдарының болғанын, олардың көпшілігі уақыттың өтуімен құлап, ескерткіштерге айналып кеткенін өкінішпен еске түсірген. Енді оларды зерттеуді кейінгі ұрпақтарға тапсырған. Сондай қоныстар Түркістан жерінде жетерлік. Солардың бірі, ертедегі ортағасырда Батыс түрік қағанатының басты астанасы Баласағұн шаһары. Сол кездегі тарихи әдебиеттерде көп жазылған Баласағұн V-XIII ғасырларда өмір сүріп, Қарлуктердің, Қарахандардың және Кидандардың /қарақытайлардың/ астанасы болған. XIII ғ. бас кезінде қирап, XIV ғ. тарихи сахнадан түсті, оның аты да және орналасқан жері де белгісіз болып кеткен. Ертеде ортағасырда гүлденген түрік елінің басты астанасы Баласағұн болып, ол саяси-экономикалық және мәдени орталығы болған соң, бұл шаһардың орнын табудың мәні зор. Сондықтанда, XIV ғ. бастап ғалымдар Баласағұнды іздеуде. Бірақ, әлі бұл мәселе жұмбақ болып келе жатыр. Сол жұмбақты Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің археологтары ғылыми тұрғыдан шешті деген тұжырымға келіп отыр.

1974 жылдан бері аты аталған университеттің археологтары Жамбыл облысының Шу ауданының жеріндегі Ақтөбе атты ортағасырлық шаһарды зерттеуде. 1980 жылы осы ескерткіш 200 м. биіктіктен ұшақпен суретке алынды /аэрофотосъемка/. Осы дерекке сүйеніп, шаһардың көлемі, жалпы көрінісі белгіленді. Шаһардың орталығы 70 ш. км., ол бірнеше қабат ормен қоршалған. Оның жалпы ұзындығы 52 км. Бізге дейін сақталған қамалдың биіктігі 5-6 м., ені баршылық. Бұндай жер астына көміліп қалған үлкен шаһарлардың орындарын кездестірмейміз.

Ақтөбе шаһары цитадель, шахристан және рабадан тұрады. 20 жылдан астам уақыттың ішінде осы үш бөлікте де қазба археологиялық жұмыстар жүргізіліп келуде. Нәтижеде, әр түрлі қыштан жасалған ыдыстар, су құбырлары, канализациялық құбырлар, тандырлар, шырақтар, қыш күйдіретін пештер, шығыс моншасы, 5000-нан астам қарахан мыс теңгелері, түргеш теңгелері, болат сәмсер және т.б. көптеген археологиялық деректер жиналды. Олар жоғарыдағы университеттің "Археологиялық мұражайында" сақталуда. Осы табылған заттар X-XIII ғасырларға жатады.

Сөйтіп, Ақтөбеден қолға кіргізген археологиялық деректерге, әдеби мұраларға және жер атамаларына сүйеніп, осы Ақтөбе шаһарын, ортағасырдағы жалпы түрік дүниесінің басты астанасы болған Баласағұн шаһары деген ғылыми тұжырымға келдік:

1. Баласағұн шаһары шығыстың белгілі ғұламаларының еңбектерінде азды-көпті жазылған: Әл-Истахри, Ибн-Хауқали, Әл-Мағдиси, Якута, Әл-Хамави, Ибн-Әл-Асри, Абдул-Феда, Ибн-Харлаббек, М.Қашқари, Махмуд ибн Вали, Қайдар Дулати, В.В.Бартольд және т.б. Осылардың бәрі Баласағұнның үлкен шаһар екенін, ол түріктердің басты астанасы, Шу өңірінде орналасқанын баяндаған. Сол кезде, Баласағұнда 40 жұма мешіті, 200 күнделікті мешіт, 20 ханқа, 10 медресе бар екені айтылған [4].

2. Ақтөбеде (Баласағұнда) 20 жылдан астам жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде қолға кіргізген археологиялық деректер Баласағұнның өмір сүрген дәуірін V-XIII ғ.ғ. сәулетлендіреді.

3. М.Қашқаридың "Диуани Лугат ат-түрік" кітабында Баласағұнның төңірегіндегі тарихи жер атамаларының бар екенін жазған: Жонарық -баласағұншылардың жайлауы; Әулетая және Бақыртау. /Баласағұнның/ төңірегіне шоғырланған. Ол жерлер біздің тарапымыздан зерттеліп, картаға түсіріліп, ғылыми еңбектерде жарияладық.

Міне, осы келтірілген деректерге негізделіп, қазіргі Ақтөбе деп аталып келген ортағасырлық ескерткіштің Баласағұн шаһары деген пікірдеміз. Ғұламалардың 6 ғасырдай шешуін таппай жүрген жұмбағы шешілді. Қызғызстандағы "Баласағұн" деп жүрген Ақбешім, Бурана шаһарлары өзінің көлемдері бойынша, орналасқан жағырапиялық жағдайлары бойынша, ертедегі түріктердің бас астанасы Баласағұнға қисыны келмейлі. Оның үстіне, бұл шаһардың өмірін сәулеттендіретін археологиялық және жазба деректер жоқ. Сондықтан да, Ақбешім, Бурана ескерткіштерін Баласағұн деп ғылыми тұрғыдан дәлелдеу мүмкін емес.

Сөйтіп, түрік әлемінің алғашқы заман уақытынан бергі ортағасырлық тарихы Түркістан жерінде сақталған. Оның куәсі болған тас, қола, темір және ортағасырлық ескерткіштер Түркістан топырағында. Оларды ғылыми тұрғыдан зерттеу XX ғасырдан басталса, енді ол тарихи мұраны барлық түрік әлемнің ғалымдары бас қосып зерттеп,



бабаларымыздың пайда еткен ұшан-теңіз заттай және рухани байлығын кейінгі ұрпақтардың игілігіне айналдырайық. Алдымыздағы ХХІ ғасыр түрік әлемінің қайтадан гүлденген дәуіріне айналсын.

**Ә Д Е Б И Е Т Т Е Р :**

1. "Заман-Қазақстан", 7-наурыз 1997.
2. Мағжан Жұмабаев. Шығармалар.- Алматы. 1989. 175-бет.
3. Құтты білік. Алматы.-1986. 27-бет.
4. Материалы ... Ташкент.-1988. 241-242-беттер.

ШЕРИФ АКТАШ

тарих ғылымдарының докторы,  
профессор

### ЖАҢАРУ КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТ

*Дан анализ трудам видных представителей тюркской литературы государства Осман. Рассмотрены пути ее становления и развития в историческом аспекте.*

Мехмет Фуат Көпірлі жалпы түрік әдебиетін қауымдық әдебиет, ислами әдебиет және Түркияның жаңару кезеңі әдебиеті деп үш кезеңге бөледі. Түрік әдебиетін бұлайша кезеңге бөлу Қазақ әдебиетіне де сәйкес келетін сияқты.

Қауымдық әдебиет деп Түрік мифологиясының әдеби шығармаларда көрініс тапқан кезеңі айтылады. Түрік қауымының тарихи нақты белгілі болмаған кезеңдерінен бастап Ислам дінінің қабылданған жылдарға дейін жалғасып келген кездегі өмір сүру формасын және ұлттық ерекшеліктерін көрсететін бұл әдебиет өте-өте маңызды.

Түріктер Ислам дінін қабылдау арқылы жаңа өркениет пен мәдениет шеңберіне кіре бастайды. Орта Азия Ренессансынан қуат алған, сондай-ақ Батысқа қарай көшкен Түрік бірліктері, діни толғаныс пен діни сезімді өз қасиеттерімен біріктіреді. Осылайша Анадолыда Ислам мәдениеті шеңберінде Түрік мәдениетінің пайда болуына себеп болады. Бұл табиғи даму заңдылығы заман ағымында пайда болған. Міне, осы дамудың әдебиетке әсері Осман Түріктерінің диван әдебиеті деп атаған. әлемдегі ең жоғары әдебиеттердің бірінің тууына мүмкіндік береді. Бұл әдебиет Селжук Түріктерінің кең тәжірибелерінен пайдаланған Осман Түріктерінің өркениетті дамуын өте жақсы көрсетеді. Бұл әдебиет махаббат және иман әдебиеті болып табылады.

Иманды махаббаттың толғанысын көтеретін және суреттейтін бұл әдебиеттегі көңіл өмірге және жаратылысқа ие. Қысқаша айтқанда, ең жоғары және кең көлемде махаббаттың күші тілге тиек етіледі.

Несмотря на наши неоднократные требования отпустить для детей пшеничной муки, риса, мяса до сих пор этот вопрос положительного разрешения не получил - дети питаются исключительно джугарой.

Исходя из изложенного Обком ВКП (б) и СНК ККАССР, принимая на себя всю ответственность за дальнейшее обслуживание и хозяйственное устройство казахов-откочевщиков, просит ЦК ВКП (б) и СНК РСФСР, а так же Средне-Азиатское бюро ЦК ВКП (б) и казахские организации обеспечить проведение следующих первоочередных мероприятий:

1. Закрепить за Каракалпакией хозяйственно устраиваемые 2757 хозяйств и 2357 чел. детей, которых мы обязуемся целиком и полностью обслужить в своей работе с дополнительным отпуском средств на 1935 г.

2. Остальные хозяйства, в количестве 7000, состоящие из 30000 едоков направить в добровольном организованном порядке в Казахстан, для этой цели мы обязуемся организовать 2 пункта, откуда должны направляться казахи в Казахстан (Ходжейли, Кантаузяк), с соответствующим обслуживанием, организацией общественного питания, санитарно-медобслуживанием и т.д.

Одновременно Казахстан должен подготовить приемочные пункты точно также, с устройством общественного питания, с соответствующим санитарным и прочим обслуживанием на станции Аральское море. (Вся работа должна быть проведена до закрытия навигации). Возложить на Госречфлот плановую перевозку казахов-откочевщиков в Казахстан."

3. Ассигновать для переброски в Казахстан откочевщиков необходимые средства из расчета 500 рублей на каждое хозяйство (питание, проезд по Аму-Дарье до Аральского моря и др.). Выделить фонды на продовольственное снабжение для отправляемых казахов откочевников в количестве 7000 хозяйств, 30000 чел., из расчета по 8 кг на каждого едока - фонд в размере 500 тонн (на 2 месяца), а также на помощь остающимся в пределах Каракалпакии (3000 хозяйств - 15000 едоков) - 200 тонн (до 1 января 1935 г.).

Выделить наряд на снабжение детей детдомов рисом, мясом, крупой, жирами, сахаром и чаем по установленным нормам, с учетом имеющегося контингента. По этим контингентам в республике фонды совершенно отсутствуют. Кроме того выделить во втором и третьем кварталах для детдомов 2000 пар детской обуви.

При положительном разрешении вопроса об отправке откочевщиков обратно в Казахстан необходимо обеспечить их своевременным финансированием, а также посылку специальных работников из Казахстана для приемки и отправки казахов-откочевщиков." [5]. Согласно постановлению Совета Труда и Оборонны от 16 июня 1934 г. перевозке из Каракалпакской АССР в Казахстан подлежало 7000 хозяйств откочевщиков (30800 чел.: взрослых - 21500, детей - 9300). По данным Наркомфина РСФСР необходимые на перевозку этих хозяйств расходы выражались в следующем: стоимость проезда от пристани Ходжейли до пристани Аральское море взрослого - 29 р., ребенка - 8 р. 40 к., то есть на перевозку 30800 чел. - 701620 рублей. Поскольку они должны разместиться в Актюбинской и Южно-Казахстанской областях, то исходя из среднего расстояния от железнодорожной станции Аральское море до пунктов размещения в 500 км и учитывая стоимость проезда по железной дороге для взрослого - 30 р. и ребенка 9 р., перевозка по железной дороге обходилась еще в 728700 рублей. Тем самым транспортные расходы на

перевозку 7000 хозяйств откочевщиков из Каракалпакской АССР в Казахстан составляли 1430320 рублей. По данным наркомвода через Аральское море в месяц возможно было перевести 6000 чел., то есть перевозка должна была осуществляться в течение 5 месяцев. Поэтому на продукты питания (в день 400 г хлеба, 60 г крупы, 17 г растительного масла) необходимо было 902400 рублей. Стоимость одежды на 40% хозяйств (по 3 комплекта на одно хозяйство: сапоги, брюки, белье, пиджак) - 672000 рублей. Вся же сумма составляла 3004720 рублей [5].

Поскольку контингент хозяйств, возвращающихся из Каракалпакской-АССР был сокращен до 3000 СНК КазАССР 22 августа 1934 г. внесло следующие изменения в план устройства "возвращенцев" из Каракалпакии:

1. По Южной области вместо 3150 хозяйств оставить 980 хозяйств, из них в свекловичные районы - 630 хозяйств (Меркентский 230 хозяйств, Аулие-Атинский 400 хозяйств) и в хлопковые колхозы Пахта-Аральского района 350 хозяйств.

2. По Алма-Атинской области вместо 1450 хозяйств оставить 870 хозяйств: свекловичные районы Талды-Кургана - 300 хозяйств, Каратасский - 250 хозяйств, Илийский - 320 хозяйств.

3. По Актюбинской области снять 1200 хозяйств, в связи с этим снять организацию питательного пункта на станции Эмба.

4. По промпредприятиям и совхозам оставить следующее количество хозяйств:

а) Наркомтяжпрома - 418 хозяйств; б) Турксиба - 332 хозяйств; в) Наркомснаба - 150 хозяйств; г) Строительства Наркомхоза - 150 хозяйств; д) Совхозы скотоводтреста (Чилик) - 100 хозяйств.

5. Предложить уполномоченному СНК тов.Байдавлетову, Алматинскому и Южно-Казахстанскому облисполкомам развивать массовую работу среди возвращающихся хозяйств об устройстве их в указанных районах, предприятиях и совхозах.

6. Предложить Меркентскому, Аулие-Атинскому, Илийскому, Талды-Курганскому и Каратасскому райисполкомам отпущенные средства на устройства откочевщиков и оседания по районным планам... обратиться на устройство в первую очередь возвращающихся хозяйств из Каракалпакии и переселенцев в свекловичные колхозы.

7. В связи с неотпуском средств на переброску хозяйств, пребывающих из Каракалпакии, возложить расходы по переезду от станции Аральское море до мест устройства, в части хозяйств, устраиваемых в промпредприятиях и совхозах на эти организации за счет планов и смет по приглашению рабсилы." [6].

Для организации возвращения из Каракалпакии откочевщиков был утвержден штат в количестве 7 единиц: уполномоченный СНК КазАССР, помощник уполномоченного, счетный работник и 4 агента [6].

Уполномоченному СНК КазАССР по переброске хозяйств из Каракалпакии Байдавлетову неоднократно указывалось: "...отправлять в Казахстан только действительно неустроивших откочевщиков, не ставя перед собой задачу обязательного выполнения предопределенной контрольной цифры." [4]. Тем самым часть казахских хозяйств обустроивалась на территории Каракалпакской АССР.

Таким образом, в 20-30 гг. имел место обильный приток казахского населения в Каракалпакскую АССР. При этом, в начальный период массовых откочетов из Казахстана часть откочевщиков самостоятельно обустроивалась в Каракалпакии, а другая уходила на территорию Туркмении, Узбекистана и далее. Как указывалось, первоначально меры направленные на организацию их возвращения, а так же обустройство в местах расположения были недостаточными. Находясь в катастрофическом положении и желая вернуться в Казахстан через Аральское море откочевщики концентрировались в Каракалпакии. Трудности же, возникавшие при обустройстве в Казахстане населения, как самостоятельно возвращающегося в прежние места жительства, так и переселяемого из соседних республик уполномоченными правительством КазАССР, не позволяли вывезти всех откочевщиков из Каракалпакской АССР. В связи с этим основной упор при проведении организованного вывоза хозяйств откочевщиков делался на возвращение в первую очередь оставшихся без средств к существованию. В Казахстане их в основном устраивали в создаваемых в те годы хлопководческих и свекловичных совхозах и колхозах.

#### ЛИТЕРАТУРА:

- 1.Центральный Государственный Архив Республики Каракалпакстан (ЦГАРКК), ф.50, оп.1, д.108, л.83.
- 2.Центральный Государственный Архив Республики Казахстан (ЦГАРК), ф.1179, оп.1,д.110, л.17.
- 3.ЦГАРКК, ф.50, оп.1, д.108, л.100-105
- 4.ЦГАРК, ф.1179, оп.1, д.110, л.15-24, 179.
- 5.ЦГАРКК, ф.50, оп.1, д.108, л.49-58.
- 6.ЦГАРК, ф.30, оп.3, д.928, л. 9-14.

## МАЛҒА ҚАТЫСТЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР МЕН ЫРЫМ-НАНЫМДАР

*В данной статье на основе привлечения обширных материалов по этнографии рассматриваются народные традиции, обычаи и верования казахов, связанные со скотоводством.*

Халқымыздың тарихын зерттеу және оның өзіндік ерекшелігін ескеріп, тарихтың жаңа бетін ашу үшін қазақтың мал шаруашылығына байланысты ежелден қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен ырым-нанымдарын зерттеу қажет. Халықтың тұрмыс-тіршілігі мал шаруашылығымен байланысты болғандықтан малмен байланысты бірер пікірлерді ортаға салып, пікірлескім келеді.

Сонау соңғы қола дәуірдің өзінде ұсақ малдың адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігінде елеулі орын алғандығы белгілі. Өйткені, малдың етімен, сүтімен, терісімен және жүнімен адам өз қажеттілігін қанағаттандырып отырған. Қой малын ерекше қастерлеу осы себептен болса керек. Бұған тіпті, андронов мәдениетінің өзінде кездесетін элементтер дәлел.

Жамбас, мойын омыртқа, асықты жілік, жауырын сияқты қойдың сүйектеріне байланысты әдет-ғұрыптар қазақта күні бүгінге дейін сақталған. Бұған дәлел - шамандық салтпен және наныммен ұштасқан қазақтың "қалжа" деген ырымын айтуға болады.

Қалжа - ежелден ана мен жас нәрестеге арналған наным мерекесі. Қазақ дәстүрі бойынша сойылған қойды түгелімен асып, әйел босанған үйге әкеледі. Қойдың тұтас асылған мойны ыстық қалында босанған әйелге беріледі. Ол пышақсыз мойын етін түгелімен тістелеп қана жеп тауысады. Мойын сүйектерінің жігін бұзбастан тазалап мүжілі де, қалған сүйектердің тесігінен ағаш өткізіп, баланың қырқы толғанша кереге басына іліп қояды, кейін аяқ баспайтындай, ит ішекмейтіндей етіп жерге көміп тастайды. Олай етпесе, баланың былқылдақ мойны қырық күн түгелі, одан кейін де бекімейді, ал қойдың мойын етін жеп тауысса, тез бекітіні көрінеді.

Сондай-ақ қазақта баланы бесікке салу ғұрыпында да қой сойылады, осыған байланысты басқа үлкен мерекелі салттар бар. Мұндай әдет-ғұрыптар халықтың тұрмысымен тығыз байланысты. Мысалы, сәбиді бесікке салған күннен бастап халықтың оны тұрмыстық тіршілікке баули бастайтынын мына бір шумақ өлеңнен аңғаруға болады:

Әлди, әлди, ақ бөпем,  
Ақ бесікке жат бөпем,  
Жылама бөпем, жылама,  
Жілік шағып берейін,  
Көк ата иттің құйрығын  
Жіпке тағып берейін.

Бұл жерде сәбидің шаралық қасиеті халықтың өндіріс ортасымен қатынаста қалыптасуын аңғаруға болады.

Қазақтың мал шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптары мен ырымдарына діни көзқарас та өз ықпалын тигізген.

Мұны біз әр түлік малдың мифологиялық киесі (пірі) бар деген нанымнан байқаймыз. Мысалы:

Жылқы - Қамбар ата (жылқышы ата).  
Түйеде - Ойсыл кара.  
Қойда - Шопан ата.  
Сиырда - Зеңгі баба.  
Ешкіде - Сексек ата.

Халық осы малдың шығу тегін шешуге де әрекет еткен. Мысалы:

Жылқыны - желден,  
Түйе - тұзды тақырдан,  
Қой - аспан мен оттан,  
Ешкі - тастан.

Егер біз жоғарыда келтірген пікірімізді жекелей байланыстырып талдау жасасак, онда негіздің бары байқалады. Мәселен, жылқы желдей есіліп, ер азаматқа қанат болса, ірі қара малды күнде бірнеше рет судан айдап өтсе де, тұмсығын судан алмай сүзіп өтеді. Ал, түйе шөлге төзімді келсе, ешкі таста жадырайды, ойда өзін дүниенің билеушісіндей сезінеді.

Халықта, сондай-ақ, осы малға байланысты салттар да бар. Мысалы, аяғы ауыр (жүкті) әйелдер бала көтеретін уақытымыз көпке созылып кетеді деп түйе етін жемеуге тырысады. Ал, босанатын уақыты бітіп, әлі босанбаған әйелдер нәрестенің жарық дүниеге келуін тездету үшін жатқан түйенің мойнынан аттап өтетін болған.

Малды теуіп, бастан ұру қазақ үшін кінәлі қылық. Малдың сүйегін басуға болмайды. Бұл айтылған жағдай жылқы, қой және түйе тұлкітері жайында.

Ал, сиыр мен ешкі мұндай қадырдан ұзақ болған. Керісінше, әр жолаушы бұларды бір шықпыртып, олардың денесіндегі "қырсықты" қуып шығаруға тиісті болған.

Ауыл қыстауға қайтқанда, жаз жайлауға көшіп келгенде әруақтарға арнап құрбандық шалып, олардан тыныштық пен бақыт сұрап отырған. "Аруақ ырза болмай, тірі байымайды" деген ежелгі көне діндердің бірі шаман болған. Бұған байланысты оттың пәле-жаладан алыстағыш қасиеті бар деп сенген. Сондықтан да қыс жайлауынан көшерде бүкіл малдарын және көш керуенін екі оттың арасынан айдап өтіп, қыстауға қайтып келгенде, отпен және түтінмен тағы да аластап отырған.

Діни мерекелер кезінде құрбандыққа әр түрлі мал шалынған. Шалынатын малдың жасы, түсі, жынысы және түрі маңыз-мағынаға ие болған. Мәселен, құрбандыққа шалынатын, не шалынған қара шұнақ лақ пен қоңыр тоқтының онша маңызы болмаған. Ең көп тараған құрбандық мал - үш-төрт жастағы маңдайында ақ дағы бар қой, яғни - боз қасқа немесе сары басты қой - ақ сарбас болған. Өте ерекше жағдайларда ел ішінде құрбандыққа боз бие сойылатын болған. Мәселен, көп реттерде жеті атадан соң ру қатынасын анықтау үшін боз бие сойылып, онда қыз алысуға рұқсат етілген.

Ертеректерде, мысалы, әскери жорықтан қайтқанда немесе зарықтыра күткені ұл болғанда, құрбандыққа ақ түйе де сойылған. Бұл ғұрып XIX ғасырдың аяғына дейін сақталып келді.

Жалпы құрбандық шалуға сұр түсті малды көп жұмсаған. Себебі бұлар халық түсінігі бойынша мал иелерінің құты болған, ал құрбандыққа шалынатын мал түсінің сары болуы, біздіңше, бұтсыз көк аспанға тәубешілік етумен байланысты болса керек, өйткені екеуінің түстері бір-біріне жақын. Егеменеді еліміздің көк туы да осымен байланысты болуы мүмкін.

Халық түсінігінде егіз туған малдың да орны басқаша болған. Қазақ егіз қозыға қуанып, ал егіз бота, егіз бұзау және егіз құлын туса, оған онша қуана қоймаған. Өйткені бұл мал иесі үшін бақытсыздыққа бастайтын жай делінеді. Егер егіз бота, бұзау не құлын туа қалса, онда бұлардың біреуін (егіздің сыңарын) үй иесі өзінің жақындарына беріп отырған.

Қазақта мал шаруашылығында малдан төл атып, аман-есен өсіріп сақтау - негізгі іс болған. Тұрған жерінің табиғи жайларын, жаратылысын жақсы білетін мал иелері малдың күйлеуін және толдейтін уақыттарын өз дегендеріне бағындыруға тырысқан. Мысалы, қойлар көктемде ерте қоздамау үшін қошқарларға қазан айының аяғына дейін "күйек" деп аталатын қойлардың мезгілсіз қошқардан шығуын сақтайтын киізден тігілген жапқыш жапқан. Күйекті қошқарға байлау мен алу көп балалы әйелдерге жүктелген, себебі, қозылар да көп болады деп ырымдаған.

Күйек алу науқаны не сәрсенбінің, не бейсенбінің сәтінде басталып, көбіне түнде тек қана ауыл ішінде болған. Себебі, күйек қай жерде алынса, қой сол жерде қозылайды деген ұғым бар. Үй иесі қошқарды ұстап тұрып, күйекті шешіп жатып, Шопан атадан қысыр қойдың болмауын, егіз қозылардың көп болуын, төлдің көбінің ұрғашы болуын тілеген. Шешілген күйектер үй иесінің табалдырығының оң жағына үйілген, осылай еткенде бұл үйден еш уақытта байлық кетпейтін көрінеді.

Қазақтың ең қорқынышты сенімі - тіл-көз. Тіл мен көз тимеу үшін жаңа туған ботаны екі аптаға дейін ешкім көрмеуі керек. Егер басқа біреу оймаған жерден ботаны көріп қалса, "тіл - көзім тасқа" деп ботаға түкіруге тиісті болған.

Белгілі орыс тарихшысы және этнографы Г.Н.Потаниннің айтуынша, қазақтар малдары мен жандарын тіл мен көзден сақтау үшін тұмар таққан. Сүтті төгуге болмайды. Егер сүтті төгіп алса, онда он саусақтарын сүтке малып алып, ренжімесін деп аруақтарға басын июге тиісті болған. Сүт төгілген жерге топырақ салып, жауып, адам аяғымен баспайтын етеді. Сүтті құн батқаннан кейін үйден шығаруға болмайды. Сүттен істелген тағамдарды да, әсіресе айлы және жұлдызды түнде сыртқа шығару күнә. Ал, бұларды

шығарған жағдайда, олардың беті жабық болуы керек. Кейбір әйелдер сүтке ағаш көмірінің бір түйірін салатын болған, мұндай ырым көрші өзбек халқында да бар. Бұлай етілмесе, сүтті сиырлардың желіні ауруға шалдығады деп есептеген.

Қазақ халқында сүйекті қасиеттеу ежелден болған. Мысалы, үйдің төбесіне қойдың кәрі жілігін іліп қойса, ол малдарды ұры-қарыдан, ит-құстан сақтайды-мыс. Осыған байланысты ел арасында бір аңыз да бар. Базарға бара жатқан қайын атасына келіні бір түйіншек беріп, жолда ашпай үйге қайтып алып келуін өтінеді. Қайтар жолда қайын атасы түйіншекті шешсе, ішінде қойдың сүйектері жатыр екен. Келінінің қылығына ренжіген атасы бұл сүйектерді лақтырып жібереді.

Бұдан кейін шалды бірден ұрылар қамап алып, заттарын тартып алады. Ұрылардың басшысы шалдан "Қырық күзетшің қайта кетті?" деп сұрайды. Тек сонда ғана шал қырық сүйектің қасиетін түсінеді.

Ал, кейбір балгерлер жауырынның жарықтарына қарап, адамның келешегін болжайтын болған. Онда да ол тек қана қойдың жауырыны болуға тиіс. Қорыта келгенде, мал атауына байланысты әдет-ғұрыптары мен сенім-нанымдарды жан-жақты зерттеу ісі бүгінгі таңның талабы деп ойлаймыз. Себебі, халық тарихы мен оның асыл қазынасы осы әдет-ғұрыптары мен ырымдарда жатса керек.

Жоғарыда атап өткен пікірлерді талдасақ - халық тарихының көне дәуірден басталғандығы мәлім бола түседі.

Осыған орай, халықтың төрт түлікке берген бағасында да терең тарихи пікірлер бар сияқты. Мысалы, түйе - салтанат, жылқы - мақтан, қой - қазына, сиыр - қанағат, ешкі - жоқтың күні.

Неге түйені - салтанат деген, себебі, түйе - түлік басы. Бай бол, кедей бол, көшкенде түйелі көш қана көштің сәнін кіргізеді. Содан болса керек халықта: "Нар жолында жүк қалмас" деген мәтел бар. Ал, шұбаты - дертке шипа.

Жылқы - ер қанаты, ал оның қазы-қартасы, жал-жаясы-дәм төресі. Дастархан көркі: мақтан дегені осы.

Ал, қойың болса, қонақ келсе біреуін сойып қажетіңнен шығасың. Тары секілді өсімтал түлік. "Қой - қазына" деген осы.

Жазғы ағы айран, шалаптан аспайды. бір үйдің қажетіне ғана қатық болады, сол үшін ел сиырды қанағат деген.

Ал, ешкі тек шайлық қана, сол үшін ел "ешкі - жоқтың қасы" деген.

Қазақ халқының тарихы туралы ойларымызды зерделейтін болсақ, мал шаруашылығына байланысты ежелден қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен ырым-нанымдардың алатын орны ерекше.

Себебі тұрмыспен байланысты өрбіген әдет-ғұрыптар арқылы халықтың тарихын тануға болады.



шығарған жағдайда, олардың беті жабық болуы керек. Кейбір әйелдер сүтке ағаш көмірінін бір түйірін салатын болған, мұндай ырым көрші өзбек халқында да бар. Бұлай етілмесе, сүтті сиырлардың желіні ауруға шалдығады деп есептеген.

Қазақ халқында сүйекті қасиеттеу ежелден болған. Мысалы, үйдің төбесіне қойдың кәрі жілігін іліп қойса, ол малдарды ұры-қарыдан, ит-құстан сақтайды-мыс. Осыған байланысты ел арасында бір аңыз да бар. Базарға бара жатқан қайын атасына келіні бір түйіншек беріп, жолда ашпай үйге қайтып алып келуін өтінеді. Қайтар жолда қайын атасы түйіншекті шешсе, ішінде қойдың сүйектері жатыр екен. Келінінің қылығына ренжіген атасы бұл сүйектерді лақтырып жібереді.

Бұдан кейін шалды бірден ұрылар қамап алып, заттарын тартып алады. Ұрылардың басшысы шалдан "Қырық күзетшің қайта кетті?" деп сұрайды. Тек сонда ғана шал қырық сүйектің қасиетін түсінеді.

Ал, кейбір балгерлер жауырынның жарықтарына қарап, адамның келешегін болжайтын болған. Онда да ол тек қана қойдың жауырыны болуға тиіс. Қорыта келгенде, мал атауына байланысты әдет-ғұрыптары мен сенім-нанымдарды жан-жақты зерттеу ісі бүгінгі таңның талабы деп ойлаймыз. Себебі, халық тарихы мен оның асыл қазынасы осы әдет-ғұрыптары мен ырымдарда жатса керек.

Жоғарыда атап өткен пікірлерді талдасақ - халық тарихының көне дәуірден басталғандығы мәлім бола түседі.

Осыған орай, халықтың төрт түлікке берген бағасында да терең тарихи пікірлер бар сияқты. Мысалы, түйе - салтанат, жылқы - мақтан, қой - қазына, сиыр - қанағат, ешкі - жоқтың күні.

Неге түйені - салтанат деген, себебі, түйе - түтік басы. Бай бол, кедей бол, көшкенде түйесі көш қана көштің сәнін кіргізеді. Солан болса керек халықта: "Нар жолында жүк қалмас" деген мәтел бар. Ал, шұбаты - дертке шипа.

Жылқы - ер қанаты, ал оның қазы-қартасы, жал-жаясы-дәм төресі. Дастархан көркі, мақтан дегені осы.

Ал, қойын болса, қонақ келсе біреуін сойып қажетінен шығасын. Тары секілді өсімтал гүлік. "Қой - қазына" деген осы.

Жазғы ағы айран, шалаптап аспайды, бір үйдің қажетіне ғана қатық болады, сол үшін ел сиырды қанағат деген.

Ал, ешкі тек шайлық қана, сол үшін ел "ешкі - жоқтың қасы" деген.

Қазақ халқының тарихы туралы ойларымызды зерделейтін болсақ, мал шаруашылығына байланысты ежелден қалыптасқан әдет-ғұрыптары мен ырым-нанымдардың алатын орны ерекше.

Себебі тұрмыспен байланысты өрбіген әдет-ғұрыптар арқылы халықтың тарихын тануға болады.

**Қ.САТТАРОВ**

филология ғылымдарының докторы,  
профессор

**ТАШКЕНТ ОАЗИСІНДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ХАЛЫҚ ӨДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІН  
ЖИНАУ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН**

*В статье рассмотрены история сбора и пути изучения фольклора казахов проживающих в Ташкентском оазисе.*

Қазақ халық өдебиеті үлгілері ерте дәуірде адам баласы халық болып құралмай, тайпа-тайпа болып, ру-руға бөлініп жүрген кезде пайда болған. Оның төркіні Орталық Азия мен Қазақстан Республикасы, Кавказ, Шығыс Түркістан, Орал тау бөктері мен Сібір жерлерін мекендеген түрік халықтарының ауыз өдебиетімен тығыз байланысты. Біздің заманымызға дейінгі ІҮ ғасырда өмір сүрген жауынгер, мәдениетті тайпалар гүн, сак, қарлұқ, үйсін, қаңлы, түрік-сір (сіргелі), дулат т.б. мемлекет ретінде тарихқа танылған. “Қаңг” немесе “Қаңгюй” мемлекетінің астанасы Ташкент екенін тарихшылар дәлелдеп жүр [1]. Бұл тайпалар бір-бірімен экономикалық, мәдени, қоғамдық қарым-қатынаста болды. Олар мал шаруашылық пен көкөніс-егіншілік, диканшылық, майда өнеркәсіп заттарын ауыстырып отырудың нәтижесінде тіршілік еткен.

Ташкент Тәуке ханның билігінен кеткеннен соң Имамқулихан оның әскерін Аспара өзені мен Қаратау төңірегіне дейін шегіндіріп, өзінің баласы Искендер ханды Ташкенттегі орталыққа басшысы етіп тағайындап кетеді. Ташкенттің жергілікті халқы (қазақтар-Қ.С.) Искендер ханның әйелін өлтіреді, ал Хан қолға түспей қашып кетіп, осы күнгі Бостандық ауданындағы Искендер деген таулы жерге келіп жасырынады. Бұл оқиғаны естіген Имамқулихан қатты ашуланып: “Клянусь, то (по взятии города Ташкента) я произведу такое избиение населения, что, пока кровь врагов не дойдет до моего стремени я не прекращу их истребления” деген екен [2].

Тарихи деректер мен құжаттарға сүйенсек, қазақ тайпаларының көпшілігі, әсіресе, Үйсін, Қаңлы, Сіргелі, Шанышқылы, Дулат, Қатаған, Жалайыр Ташкент оазисіндегі ең ежелгі тұрғындары екендігінде күмән жоқ. Бұл аймақта этнонимдеріне байланысты жүздеген топонимдер осы күнге дейін сақталып, баспасөз, карта беттерінен орын алған, мысалы, аты аңызға айналған Ташкент қаласындағы мазараттар мен күмбездер: Шопан Ата, Төле би, Ғайып Ерен-Қырық Шілтен, Шаштөбе, Зенгі Ата, Ақсақ Ата, Заркент Ата (Паркент ауданында), Сексен Ата т.б. Аудандар: Сіргелі ауданы (Ташкент қаласында), Қыбырай ауданы (Ташкент облысында), қалалар: Тойтөбе қаласы (Қазақтың Үш Жүзі енші алысқан жер-аныздар мен шежірелерде айтылады), Сіргелі қаласы (Ташкент қаласында), Күшлік қаласы (Найман мемлекетінің ханы Күшлік ханмен тығыз байланысты) т.б. Бірінші және екінші Сіргелі станциясы (Ташкент облысында), Ауылсоветтер: Ұялы ауылсоветі (Ташкент облысы, Төменгі-Шыршық ауданында), Қараманас (Қаңлы) ауылсоветі, (Ташкент облысы, Бостандық ауданы), Қыбырай (Дулат) ауылсоветі (Ташкент облысы, Қыбырай ауданында), Жалайыр ауылсоветі (Ташкент облысы, Зенгі Ата ауданында) т.б. Ташкент облысына қарасты ауылдар мен қыстақтар: Бостандық ауданына қарасты - Бақа (Қаңлы), Сары Қаңлы, Қызыл Қаңлы, Қараманас (Қаңлы), Қарабай (Қаңлы), Ақберді (Қаңлы), Шакшам (ру атымен аталады), Жоғары Шыршық ауданына қарасты - Дархан (Шанышқылы), Жүнсіз (Шанышқылы), Бока (Шанышқылы), Айтбозым (Сіргелі), Сығалы (Сіргелі), Сұрым (Шанышқылы), Жалайыр, Қыпшақ, Ошақты, Қатаған, Сәмсерек (Шанышқылы), Шуылдақ (Шанышқылы), Ағанай (Шанышқылы), Қарақалпақ (Шанышқылы), Тоғызак (Шанышқылы), Жаңбыршы (Шанышқылы), т.б. осы сияқты этнотопонимикалық атаулардан өтіп әкімшілік орындарына да ауысты. Орталық Азия территориясы адам атадан бері халықтар мекен еткен жер. Сол замандарға сай көне тарихи мәдениетіне, фольклор және этнологиялық ескерткіштеріне бай өлке, жоғарыда аталған тайпалардың мекені болған. Ташкент оазисінде ерте дәуірлерден бері адам баласының өмір сүруі тарихи дәлелденсе де олардың жан санағы ХІХ ғасырдың соңына дейін белгісіз болып келген. 1897

жылы тұңғыш рет халық санағы өткізілген. Онда жалпы халық саны белгілі болғанымен Орталық Азия ұлттарының құрамы толық анықталмаған. 1990 жылы болып өткен халық санағы бойынша Өзбекстанда тұратын қазақтар саны 870 мың, Ташкент облысында 300 мыңнан астам, Ташкент қаласында 72 мың қазақтар тұрады [3].

1961-1962 жылғы статистикаға қарағанда, Өзбекстан республикасында 723 қазақ тілінде оқитын мектептер бар. Ташкент облысының өзінде 205 мектепте сабақтар қазақ тілінде жүргізіледі. Ол мектептердегі оқушылардың саны 19 мың 589 болған [4].

Бұл қазақтар бұрыннан келе жатқан өздеріне тән салт-дәстүрін сақтап, жеті атасына дейін (әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, ебелек, туажат) тағы басқаларды ұмытпау, өз руынан қыз алмау сияқты өзіндік ерекшеліктерін, әдет-ғұрып, салт-санасын, қазақтың өзгешелігін, ұлттық тілі мен рухани азығы болған ауыз әдебиетінің мол қазынасын осы бүгінге дейін сақтап келеді. Қазақтың ежелгі ауыз әдебиеті Орхон-Енисей, Шу, Талас бойынан табылған тас-танбаларында да кездеседі. Түрік қағаны (Білге-Қағанның) оның туысы Күлтегіннің (ҮІІ ғасыр соңы, ҮІІІ ғасырдың басы) қабірлеріне қойылған тастарда, Тоныкөктің ескерткіштерінде түрік тайпаларының ескі жоқтау өлеңдерінен, мақал-мәтел, жұмбақ, аңыз-эпостарынан үзінділер кездеседі. Бұл фактілі туынды қазақ халық әдебиетінің пайда болуы мен жиналуы және хатқа түскен кезі ерте дәуірлерден басталатындығын аңғартады.

Өзбекстан республикасы территориясында тұратын қазақтардың ауыз әдебиетін, музыка, фольклорын, этнологиялық үлгілерін жинап, олардың тілдік ерекшеліктерін зерттеуге көп көңіл бөлген ғалымдар: А.А.Семенов, Ә.Диваев, С.Аманжолов, С.Асфандияров, Ә. А.Шмидт, Ә.Х. Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ф.Мүсірепов, Ө. Тұрманжанов, М.Жармұхамедов, К.Сейдаханов, Т.Бекхожина, Б.Ысқақов, Ж.Бұғыбаевтардың аттарын атауға болады.

Сөз зергері Ф.Мүсірепов “Қазақстан жеріндегі өзбектердің, Өзбекстан жеріндегі қазақтардың әдеби. музыкалық фольклоры да жиналып, зерттелмеген. Мәселен. Өзбекстан жерін ежелден бері жайлап келе жатқан көп қазақтың көңіл бөлуге тұрарлық рухани дүниелері жоқ деп ешкім де айта алмаса керек. Мәселе соған көңіл бөлуде. ғылыми тұрғыдан талғап, татымдысын жұрт игілігіне айналдыруда” [5]- деген пікірі алдын-ала көрегендікпен айтылған. Демек, қашан да халық бар жерде оның фольклоры да болады. Сол өнер құбылысының сырын аша білуде. “Өзбекстан қазақтары өз арасынан небір дүлдүл шешен, ақын адамдарды да, қара қылды қақ жарған бишілер мен әділ даналарды да шығарған. Окінішке орай, олардың мұрасы әлі күнге дейін жиналмай, иеліксіз қала берген” [6]- деген пікірлер мен жақсы ой түйіндерді көптеп келтіруге болады. Демек, Ташкент оазисіндегі қазақтардың ауыз әдебиеті бұрыннан-ақ көптің көкейіндегі мәселе еді.

Ташкент оазисіндегі қазақтардың ауыз әдебиетін жинау жөніндегі біздің алғашқы комплексті фольклор экспедициямыз 1968 жылдың шілде айында Ташкент қаласының оңтүстік шығыс жағындағы І-Сіргелі станциясынан басталды. Шыршық өзенінің жағалауына орналасқан территориялық, экономикалық жағынан Жоғары Шыршық, Орта Шыршық, Калинин аудандарына (қазіргі Зенгі Ата ауданына) біріккен І-Сіргелі және ІІ-Сіргелі станциялары. Бұзаушы, Иік, Мамыт, Жүнсіз, Балта, Қазақтөбе, Араншы ауылдарын, Қарасу каналының екі жағалауындағы Жұмабазар, Токымбай, Қырықсадақ, тау бөктеріндегі Жамбыл колхозы, Қорсай ауылы, Сәмсерек, Жайылма, Қаратұқым, Жаңабазар, Тоғызак, Сексен Ата деп аталатын ауылдар мен қыстақтарды аралап жүріп, ел аузындағы қазақ халық әдебиеті мен этнофилологиялық үлгілері жинала бастады.

Низами атындағы Ташкенттің мемлекеттік педагогика институтының 1968 жылғы шілде айының 14 жұлдызынан бастап, 290-С бұйрығы бойынша Ташкент облысындағы қазақтардың ауыз әдебиетін жинау экспедициясы тұңғыш рет сапарға шықты. Біздің тұңғыш фольклор экспедициямызға қатысқан студент филологтар Құрбан Әшіров, Сабыр Әлиасқаров, Махмұд Жаңбырбаев, Құдияр Ыбыраев, Сержан Ескендіров, Нұрғали Қойтбаев, Боран Мәуленов, Зупар Ысмайлов, Оспан Тұртаев, Максума Алпысбаева, Тұрды Атақұлова, Баршын Шалқаровалардың аттарын құрметпен атаймыз. Бұл студенттер жинаған қазақ фольклорының үлгілері биыл (114-жинақ рет санымен) архив қазынасына айналды. Әрбір студенттің өзі жинаған ауыз әдебиет үлгілері жинақтарға енген кезде жинаушының өз атымен жазылып, кейде фольклор экспедициясының жетекшісі Қ.Саттаровтың аты-жөнімен бірге түсінікте атап көрсетіледі.

Халық әдебиетінің майда жанрлары мақалдар мен мәтелдер, жұмбақтар, ертегі, аңыз-әңгімелер мен салт-әдетке байланысты терме, толғау және тарихи жырлар халық таланттарының айтуы бойынша жазып алынды. Халық ауыз әдебиетін көп білетін халық

таланттары Жолдасбек Бұғыбаев, Рабиға Әшилова, Замира Саттарова, Жәнігүл Байбосынова, Шындәулет Өтебаев, Мақаш Бекберген, Нұрғали Өткелбаев, Түймеқожа, Әбдіресіл Ахметұлы, Қожахан Иматулы, Жолдас Абдуллаұлы т.б. атауға болады.

Біз кездесіп әңгімелескен, ауыз әдебиетінен құнды деректер мен үлгілерін жаздырған ақын, жыршы, жырау, әнші-ақын, күйші, ертекілер Қалдыбек Әлікұлұлы, Өмірсерік Қалдыбайұлы, Смайыл Қарабасұлы, Орал Қалдыбайұлы, Ибраһым Жақыпұлы, Қожақан Иматулы, Ешмұхамет Нарқозыұлы, т.б. аты-жөнін атап кейбіреулерінің қысқаша шығармашылық өмірімен таныстырып өткіміз келеді.

Ибраһым Жақыпұлы (91 жаста, Ташкент облысы, Зеңгі Ата ауданына қарасты І-ші Сіргелі станциясында тұрады). Қазақ ауыз әдебиетінің үлгілерін өте көп білетін ақсақал, Ибраһым атанын айтуы бойынша Майлықожаның екі термесі, “Тыным мен Жарасбайдың әңгімесі”, Будабай ақынның шығармалары мен өмірінен тын деректер және оның “Әйеке туралы жоқтау” өлеңін берді. Будабай ақынның ауыл арасында айтылған жеке шумақтары да бар. Ақмолла (Мұфтахитдин) Мұхамедияровтың “Жиналып ер құны үшін келдік мұнда” деп аталатын өлеңін жазып алдық. Ибраһым ақсақалдың өзі шығарған және ел арасындағы өсиет сөздерді де жаздырды “Ей, тілім келсе, сөйле өзіңе хас”, “Әйелдер туралы терме”, “Өсиет сөз”, “Көңіл айту”, “Мұхтар Әуезовке арналған жоқтау өлеңі”, “Қадірден хат жолдадым Қалдыбегім” атты өлеңдері мен тын деректер, шежірелер жаздырды.

Ибраһым Жақыпұлының өмірі мен еңбектері туралы Нәзір Қадировтың “Бақыттың өзі келмейді” (“Бахитнинг узи келмайди” атты кішірек кітап (1968 ж.) жарыққа шыққан. 1980 жылғы марқұм Ибраһым Жақыпұлының қайтыс болуына бір жыл толуымен байланысты І-ші Сіргелі сатанциясындағы үлкен көшелердің бірін Ибраһым Жақыпұлының атымен атаған. Ол көшенің бірнеше бұрылыстары, өткелдері мен тұйықтары да Ибраһым Жақыпұлының атымен аталады.

Ташкент қаласында туып-өскен қазақтың халық ауыз әдебиеті қамқоршыларының бірі - Жолдасбек Бұғыбайұлының атын ерекше атауға болады. Жолдасбек Бұғыбайұлы ақын, жазушы, аудармашы, үлгілі ұстаз, халық ағарту саласында көп жылдық еңбегімен көзге түскен педагог, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы азамат. Жолдасбек Бұғыбайұлы “Өзбекстан Республикасына еңбегі сіңген мектеп мұғалімі” деген құрметті атаққа ие болған. Сол сияқты “Халық ағарту ісінің озат қызметкері” значогімен, “Еңбек Қызыл Ту орденімен” (1973 ж.) нағардталған.

Жолдасбек Бұғыбайұлы 1910 жылы Ташкент қаласында туылған. Өзбекстан Республикасы Жазушылар одағы комитеті жанындағы Қазақ секциясына 1932 жылы мүше болған. Ж.Бұғыбайұлы 1932 жылы “Егіс жыры” және 1932 жылы “Егіс екпінi” атты кітаптары жарық көрген. Өзбекстан республикасы Мемлекеттік баспасынан 1937 жылы “Табыс” әңгіме және өлеңдер жинағы, 1938 жылы “Шыршықтың шын ұлдары” балаларға арналған кітабы жарияланды. Ж.Бұғыбайұлының журналистік қызметі де ерекше. Ол Бұхара облысы Кенимех ауданының “Коммунистік еңбек” атты аудандық газетінде редактор, Ташкент облысының Жоғары Шыршық, Орта Шыршық, Төменгі Шыршық аудандық газеттерінде редактор болып қызмет атқарған. Ж.Бұғыбаев - аудармашы. 1961 жылы Өзбекстанда өткізілген қазақ әдебиеті мен өнерінің қарсаңында өзбек халық ертегісі “Оханрабоны” қазақ тілінде “Сырлы тас” деген атпен аударып, баспадан шағарған.

Жолдасбек Бұғыбайұлы қазақ ауыз әдебиетін үздіксіз жинаған, талмай еңбек еткен жан. Филология ғылымының докторы Оразгүл Нұрмағамбетова: “Бұл жөнінде Оралдағы Тілеужанов Матжанның, Маңғыстаудағы Бекарыстанов Зердебайдың, Солтүстік Қазақстаннан Нұртазин Ахметжанның, Ташкент облысынан Ж.Бұғыбаевтың аттарын атап өтуге болады”, - деген пікірі де жеткілікті.

Ташкент төңірегіндегі қазақтар арасынан күлдіргі әңгіме үлгілері де көп жазып алынды. “Лепірмеші мен Көпірмеші”, “Қожанасыр әңгімелері”, “Саудагер, қасап, баққал, қазының оқиғасы” тағы басқаларды атауға болады. “Саудагер, қасап, баққал, қазының оқиғасы” атты өлеңмен жазылған күлдіргі әңгімені Ташкент облысы, Төменгі Шыршық ауданына қарасты Қорғаншы Қыстағының тұрғыны Тазабек Смайловтан жазып алған Қыдырәлі Саттаров. Бұл күлдіргі, сықақ өлеңнің бір нұсқасы 1921 жылы Ә.Диваев та жазып алған екен [8]. “Саудагер, қасап, баққал, қазының оқиғасы” атты күлдіргі әңгіме Ташкент төңірегіндегі қазақтар арасына өте көп тараған. Осы күлдіргі әңгімені әнші-ақын Құтбай Дұрбайұлының әндетіп күлкі ретінде айтып отырғанын да талай рет естігенбіз. Ташкент қазақтарының ауыз әдебиетінде бұрыннан айтылып келе жатқан “Саудагер, қасап, баққал, қазының оқиғасы” атты күлдіргі әңгіме өзбек драматургі Хамза Хақимзада Ниязидің “Майсараның ісі” комедиясына да әсер-ықпалы бар екені жайында Қ.Саттаровтың кандидаттық еңбегінде салыстыра зерттелген [9].

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілері Ташкентте қазақ тілінде шығып тұрған “Үш жүз” (1917ж.), “Бірлік туы” (1917 ж.), “Жаңа бұрылыс” (1920 ж.), “Ақ жол”(1920-1925 жж.), “Сәуле” (1923-1924 жж.), “Терме” (1924 ж.), “Жас қайрат” (1924 ж.), “Шаншар” (1925-1927 жж.) т.б. журналдарда жарияланып келеді. Мысалы, Ташкент қаласында “Сәуле” атты қазақ тілінде айына бір рет шығатын білім, әдебиет журналында “Ескі сөздерден”, “Әдебиет беті” деп аталатын бөлімдерінде “Досбол бидін сөзі”[10], “Қазақтың жұмбақтары” [11], “Бесік жыры” [12] т.б. осы сияқты халық әдебиетін жариялап тұрған. “Ел арасында осындай ескі әңгімелер көп көрінеді. Теріп, жазып жіберушілер болса әркімнің өз атынан “Сәулеге” басылып тұрады”[13],- деп жинаушыларды қызықтырып, үгіт-насихат етіп отырғаны байқалады.

Біздің фольклор экспедициямыздың ұйымдастырылуында жол-жорық көрсетіп, ақыл-кеңес беріп, жиналған материалдардың зерттелуі мен жинақтарда жарық көруі үшін ғылыми бағыт берген академик Әдкей Марғұланға, профессор Бейсенбай Кенжебаевқа, профессор Натан Маллаевқа шын көңілден рахмет айтып, алғыс білдіремін.

Атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып ауысып келе жатқан халық поэзиясын жинау үшін көп жылдар бойы ауыл-ауылға барып, айтушы, орындаушы халық таланттарымен талай уақытын бірге өткізген. Тағдыр бізді түз-дәмдес еткен азаматтарға шын көңілден құрмет білдіріп, ризалық тілек айтқым келеді. Сондай-ақ, неше жылдар бойы көптеген студент-филологтармен көбінесе жаяу ел аралап бірге жүріп, бірге тұрған, қазақ ауыз әдебиетін жинауда жалықпай, барлық күш-жігерімен көмек берген қыз-жігіттерге шексіз алғыс айтамын.

#### Ә Д Е Б И Е Т Т Е Р :

1. Катанов Н.Ф. Этнический обзор турецко-татарских племен. Казань: 1894, с.13.; Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизации. М.-Л.: 1948, с.145.; Бартольд В.В. Истории культурной жизни Туркестана. Л.: 1927; Бернштам А. Социально-экономической строй орхон-экисейских тюрок. Л.: 1946, с.81; Қазақ ССР тарихы. I том. Алматы: 1957, 64-69-б. В.В.Восторов, М.С.Муқанов. Родоплеменный состав и расселение казахов. А.-А.: 1968,с. 29.
2. Мухамед Юсуф Мунши. Мухим-ханская история. Ташкент: 1967, с.86;
3. “Лениншіл жас” газеті, жұма, 26 шілде, 1991 жыл, N 143 (12680);
4. Ташкент облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының қазақ тілі мен әдебиеті кабинетінің 1961-1962 оқу жылындағы есебінен алынды.
5. Ғ.Мүсірепов. Өнер туыстығы. Кітапта: Суреткер парызы. Алматы: 1970, 417-бет.
6. Рахманқұл Бердібаев. Түбі бір туысқан. “Лениншіл жас” газеті, N23, сейсенбі, 25 июль, 1968 жыл.
7. О.Нұрмағамбетова. Қазақ фольклорын жинау, зерттеу жайы. Кітапта: Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. Алматы: 1973, 81-бет.
8. “Саудагер, қасап, баққал, қазының оқиғасы” атты сықақ өленді Ә.Диваев 1921 жылы жазып алған қолжазба Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапхана қорында 1167-папканың 5-дәптерінде сақталып тұр.
9. Қыдырәлі Саттаров. Ташкент қазақтарының ауыз әдебиеті. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Ташкент-Алматы: 1973, 164-172-беттер.
10. “Сәуле” журналы, Ташкент, 1924, N6, 10-бет.
11. “Сана” журналы, Ташкент, 1923, N1, 120-бет.
12. “Сана” журналы, Ташкент, 1923, N16 49-бет.
13. “Сәуле” журналы, Ташкент, 1924, N4, 16-бет.

## ДРАМАТИЗМ ПРОЗЫ

*Мақалада әдеби тектердің өзара байланысы, көркемдік ауыс-түйістері, бір-біріне тигізер ықпалы сөз етіліп, осы құбылыстың белсенді мүшесі драматизм ұғымының табиғаты таразыланған, оның көркемдік-эстетикалық қызметі мен қолданылу ауқымы жайында кейбір пайымдаулар бар.*

Казахская проза XX века прошла сложную трансформацию: видоизменяясь то в сторону беспристрастного, спокойного, размеренного повествования, то в сторону субъективации постижения, усиления лиризма, то в плане углубленного драматического осмысления действительности. В научно-критической литературе имеются исследования, раскрывающие эпические и лирические формы синтеза родов, позволившие создать достаточно системную картину их развития. Вместе с тем, не менее важная грань литературного процесса - связи прозы и драмы - оказалась вне поля зрения академической науки. Нынешнее состояние изучаемой проблемы таково, что осмысление художественного драматизма в казахской прозе, вне выходов в теорию вопроса не даст оцутимых результатов. Это обстоятельство определяет цели и задачи исследований в этом аспекте: соединить общеэстетический, теоретический, литературно-критические подходы к драматизму как одному из действенных категорий художественного творчества. Такой подход обуславливает необходимость осветить эстетическую природу художественного драматизма, раскрыть суть основных разногласий о драматизме, определить художественно-эстетические функции драматизма в структуре прозаического произведения.

Драматическое как общеэстетическая категория пронизывает все аспекты литературного творчества: драматизация материала, сюжета, действия, характера, диалога, монолога - вот неполный перечень преломления драматизма бытия в художественном тексте. Возникновение таких жанров как драматическая повесть, рассказ, связано с усилением драматического начала в образной структуре каждого из них. Пока не следует усматривать в этой тенденции ведущие и основополагающие линии развития национальной прозы, поэтому попытка изучить сопутствующие ей явления вполне уместна. Ссылки на драматическое как на самостоятельную художественно-эстетическую категорию, несмотря на различие подходов, признание ее специфики, зачастую без конкретизации ее содержания, имеются, но они недостаточно системны и научно не разработаны. Думается, что очень широкое и частое использование слова "драматизм" во всех почти областях информации размывает литературоведческое толкование данного термина, что побуждает рассматривать правомерность использования его в широком или узком, общем или специфическом значениях. Термин "драматическое" встречается еще в "Поэтике" Аристотеля, замечен в эпоху Возрождения и Просвещения, а в XIX веке стал формироваться как эстетическая категория, в казахстанской науке он не всегда фиксировался в соответствующей терминологии, что не содействовало уточнению драматизма.

В современной литературно-критической работе "драматическое" характеризует не только законы художественного творчества и искусства, не только родовые и жанровые особенности литературы, но и отдельные элементы художественного образа. Определение возможных "границ" драматического с учетом тех реальных возможностей и способов воплощения драматизма в искусстве слова также крайне важно. Известно, что понятие как некая итоговая форма мышления и как процесс познания не всегда и не полностью совпадают. Именно поэтому изучение содержания драматического в аспекте фиксируемых им способов познания, детерминированные логикой исследуемого материала не всегда удачно.

Анализ любого уровня организации искусства в конечном счете сводится к установлению законов, управляющих процессами на этом уровне. Наукой сейчас осознана мысль, что свойства явлений и процессов на любом уровне организации есть либо конечный результат предшествующей эволюции, либо само свойство этой эволюционной

самоорганизации. Известно, что обновление научного знания происходит по принципу соответствия, когда новые научные теории не отвергают традиционных подходов, а становятся их предельным случаем, часто существенно дополняя, уточняя и обобщая их. Система исходных понятий в любой научной дисциплине - основа ее эмпирического и теоретического инструментария, где должны быть содержательные, взаимосогласованные, избыточные, непротиворечивые понятия.

Если взять в основу положение о том, то литература является самоорганизующейся системой, то ее поведение из большого числа компонент будет определяться поведением в основном одной неустойчивой переменной, которая получила название "параметр порядка" [1]. Здесь определяющей ролью обладает принцип подчинения, один из наиболее неустойчивых переменных процесса. Использование параметра порядка и принципа подчинения в настоящее время становится универсальным методом описания систем со многими степенями свободы вблизи точек неустойчивости. Этот метод не только описывает процесс упорядочения, но и свойства конечного упорядоченного состояния. Параметр порядка и принцип подчинения своеобразно действуют в художественной литературе. Видимо, пока можно вводить в оборот такие понятия как бимодальность (нахождение системы при одних и тех же значениях параметров в разных состояниях), область недоступности (система не может находиться ни при каких значениях параметров внутри бифуркационной области), катастрофа (резкий переход из одного состояния в другое при непрерывном изменении параметров), гистерезис (зависимость резкого изменения поведения от предыстории процесса), дивергенция (когда две системы, мало отличающиеся по состояниям в начале, при одинаковом характере изменения параметров могут оказаться в состояниях, сильно отличных друг от друга) [2]. По мнению современных ученых, с принципом устойчивости и неустойчивости в художественной литературе связаны важные моменты [3]. Смысл этого принципа примерно таков: люди способны длительное время наблюдать только устойчивые состояния, неустойчивые быстро распадаются. Следовательно, если неустойчивое по своей природе явление будет долго держаться, то это превратится в необычное, парадоксальное явление. Но в этом нет противоречивости с принципом устойчивости, просто сила, стабилизирующая неустойчивость, мало заметна или специально замаскирована. Для определения сущности драматизма следует учитывать эту мысль: "Неустойчивость какой-либо ситуации проявляется в том, что ей грозит распад, который обусловлен возможностями одного из сторон получить лучший для себя результат путем одностороннего выбора своей стратегии" [4]. Когда в детективе совершено преступление, то преступник оказывается в неустойчивом состоянии: с этого момента его жизнь на свободе не совместима с существующим уголовным кодексом. Продолжительность сохранения неустойчивости зависит и от хитрости, изворотливости преступника, и от действий органов правосудия и сыска. Автору здесь представлена большая возможность выбора во времени и пространстве, в совмещении устойчивых и неустойчивых положений.

Символ тайны также часто используется литературой, ибо она также неустойчива по своей природе: одни хотят сохранить ее, другие стремятся ее раскрыть, третьи пытаются использовать ее в своих целях и т.д. Тайна является сокрытием некоторой информации, а обладание ею дает определенные преимущества, поэтому борьба вокруг сокрытия - раскрытия приобретает драматический характер. Таким образом, стабилизация неустойчивого положения в литературе делает невероятное вероятным.

В казахской прозе часто встречается и такая форма неустойчивости: имеется некоторая ценность (честь, богатство, власть, близкие), существование которой угрожает опасность разного рода, но благодаря личным качествам героев, удается сохранить устойчивое положение.

Другая форма драматизма связана с фрустрацией (разочарование). Абай в начале эпопеи узнает убийц Камки и Кодара, но глубокий смысл сути их смерти он узнает лишь в конце своей жизни, частый повтор эпизода смерти этих безвинных героев призван для обозначения внутренней неустойчивости Абая. Здесь автор часто использует фрустрацию между личностями, что углубляет драматизм их положений.

Широко представлена в национальной прозе неустойчивость социально-нравственного плана, которую можно условно назвать "человек не на своем месте" - "человек со стороны". Драматизм человека, выпавшего из своего круга, или наоборот, оказавшегося в чужой среде, сознательно отказавшегося от многих вещей, довольно объемно представлен в прозе. Ситуация сознательного переворачивания социального положения, когда начальник превращается в подчиненного, богатый в бедного также создает неустойчивость, активно используемую литературой.

Таким образом, неустойчивые состояния выполняют функции параметра порядка и подчиняют себе многие элементы произведения. Было бы оправданным взять в качестве меры степени драматического напряжения произведения отношение числа фрустрированных связей к общему числу связей. Анализируя это число в ходе развития события можно выявить положения максимума и минимума драматизма. Неустойчивые состояния в художественной литературе создают напряженные ситуации, приводящие к резким переходам, колебаниям, стохастичности. То, что М. Жумабаев, Ж. Аймауытов, М. Ауэзов целенаправленно создавали в своих произведениях определенные неустойчивые настроения, очевидно, драматизм здесь создается и за счет смещения чувств (печаль, гнев, сострадание, равнодушие). Хронологическая последовательность событий рассказа "Судьба беззащитной" показывает тяжелую и трагическую историю из жизни казахского захолустья. автор все события соединяет и сплетает таким образом, что они утрачивают свою житейскую тягость. Все вставки в сюжет имеют цель погасить, смягчить то непосредственное впечатление, которое исходит от этих событий и сформировать другое, более глубокое, подчас противоположное ощущение. То, что автор всячески стабилизирует неустойчивое состояние гостей, приводит к усугублению неустойчивости жителей этого дома. Драматизм ситуации создается за счет перемещения устойчивых и неустойчивых состояний. Бегство гостей - катастрофа, к которой привели количество гостеприимства и суть тайных помыслов путников.

В "Грех Шолпан" М. Жумабаева, в рассказе М. Ауэзова "Красавица в трауре" происходит резкий скачок из одного состояния в другое, по качеству противоположное первому. "Женщина и чувства" - эта пара противоположностей, символизирующих статическое, неизменное и подвижное, постоянно меняющееся. Анализ показывает, что авторы создают драматизм там, где наблюдается резкий переход от одного состояния в другое. Шолпан сначала не хочет быть матерью - в одно мгновение превращается в страстную просительницу у бога ребенка, Каракоз в финале резко меняет свои ориентиры и т.д.

В драматизации сюжета прозаических произведений большую роль играет колебательный характер степени остроты ситуации, его напряженности и непредсказуемости. Писатели циклически меняют степень драматизма ситуации. В случае иерархической организации неустойчивости в сюжетном развитии литературного произведения становится возможным режим, напоминающий режим хаоса. Чем больше неустойчивых состояний, тем агрессивнее они хотят стать устойчивыми, превращая таких в состояние фрустрации. В таких положениях, где преобладают неустойчивые состояния, требуют пересмотра многие устоявшиеся тезисы, в частности представления о причине и следствиях, здесь малые причины приводят к большим последствиям.

Закон контрапункта часто используется в драматизации прозы. Одновременное существование до конца не проявившихся, но отчетливо контрастирующих противопоставлений создают принцип "теза - антитеза" важных идей: мотив траура и красоты ("Красавица в трауре"), противоположность внешнего облика и душевного мира героя (хрупкость, детскость Газизы и ее моральная сила), противопоставление начала и финала сочинения ("Грех Шолпан").

Основа прозы, проникаясь свойствами драмы, расширяет возможности жанра. Совокупность динамических свойств содержательных элементов драматизма прозы определяет ее способность к постановке в театре, в использовании кино и телевидении.

#### ЛИТЕРАТУРА:

1. Хакен Г. Синергетика. - М., 1980. - 404 с.
2. Евин И.А. Синергетика искусства. - М., 1993. - 176 с.
3. Пригожин И., Стенгерс И. Порядок из хаоса. - М., 1986. - 431 с.
4. Розен В.В. Цель. Оптимальность. Решение. - М., 1982. - 210 с.



### ЭПОСТАҒЫ БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ

*В статье раскрывается генезис уподобления батыров в казахском героическом эпосе хищным животным - волку, тигру, льву и другим.*

Әлем фольклорында эпостың екі маңызды қыры айрықша аталады. Ол мазмұны, толықтығы жағынан энциклопедиялық сипат танытса, түр жағынан поэзияның тұңғыш жемісі деп есептеледі. Эпос өзінің көлемі, көркемдігі, идеясы т. б. жағынан ғасырлар бойы сансыз ғалымдар назарын аударып келеді. Қазақ эпосындағы батырлар образын бейнелеу тәсілі, ерекшелігі өз алдына бір дүние. Солардың бірі - батырлар бейнесін әр түрлі хайуанатқа меңзеп теңеу. Бұл жай көркемдік қажеттілігінен ғана болмаған, қайта астарлы мәні бар құбылыс.

Қазақ эпосынан батырлар бейнесін (жағымды кейіпкер) хайуанатқа теңеуді табу қиын емес. Мысалы, "Қамбар батыр" эпосынан Қамбарды "сұңқар", "аш бөрі", "қаранар" т.б. деп теңегенін көреміз. Ал, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты деген теңеу мысалдар жиі кезігіп отырады. Эпостағы тағы бір жәйт, жау батырларына да мұндай теңеулер қолданыла береді. Мысалы, Қобыланды батыр бір соғыста ауыр жараланып, жалғыз қалғанда іздеп келген баласы Бөкенбайға Шошай ханның осал жау емес екенін аңғартады.

Көк шекпенді көк бөрі,  
Қызылбастан хан Шошай,  
Менен туған ұл болсан,  
Бөкенбай қалма артынан [1].

"Алпамыс" эпосында Тайшық хан Алпамыстың өш алуға келе жатқанын түсінде көреді. Түсінде Алпамыс екі көзінен от жанып, қаһар шашып келеді екен. Шошып оянған хан қол астындағыларға былай дейді:

Құрсаулы қара нар келіп,  
Қарсы қарап шабынды,  
Бір арыстан өзіме,  
Шабатұғын көрінді.

Бұл екі мысалда эпоста жау батырларының мықтылығы да әсіреленіп бейнеленетінін көрсетеді.

Батырларды хайуанатқа теңеп, мадақтау тәсілін сонау VII-ғасырдағы Түрік империясының әйгілі тас жазбаларынан да көреміз. Мысалы, тонигок жазбасында мынандай жолдар бар:

Әкем Қағанның қосыны бөрілей,  
Жаулары қойдай бопты [2].

Ал, XV-ші ғасырда қағаз бетіне түскен, Түркі тайпаларының эпосы "Оғызнамада" батырлар кейіпкерлерін хайуанатқа теңеу тәсілі көзге түседі. Қырқыннан жаңа шыққан Оғыз бейнесін:

Аяғы Оғыздың аяғы,  
Белі бөрінің беліндей,  
Жауырыны бүлгынның жауырынындай,  
Кеудесі аюдың кеудесіндей,  
Тұла бойы түгел түк басқан.

деп суреттелген [3].

Батырларды хайуанатқа теңеу тек қазақ эпосында ғана емес, басқа елдердің эпосынан да орын тауып отырған. Қырғыз халқының атакты "Манас" эпосында Манасты былай теңейді:

Арқасында баланың,  
Қара-көк жалы көрінді,  
Қара сағыр қабыраны,  
Қатпалында шабыны,  
Көсеу құйрық көк арыстан,  
Он жағында қабынды.

### ЭПОСТАҒЫ БАТЫРЛАР БЕЙНЕСІ

*В статье раскрывается генезис уподобления батыров в казахском героическом эпосе хищным животным - волку, тигру, льву и другим.*

Әлем фольклорында эпостың екі маңызды қыры айрықша аталады. Ол мазмұны, толықтығы жағынан энциклопедиялық сипат танытса, түр жағынан поэзияның тұңғыш жемісі деп есептеледі. Эпос өзінің көлемі, көркемдігі, идеясы т. б. жағынан ғасырлар бойы сансыз ғалымдар назарын аударып келеді. Қазақ эпосындағы батырлар образын бейнелеу тәсілі, ерекшелігі өз алдына бір дүние. Солардың бірі - батырлар бейнесін әр түрлі хайуанатқа меңзеп теңеу. Бұл жай көркемдік қажеттілігінен ғана болмаған, қайта астарлы мәні бар құбылыс.

Қазақ эпосынан батырлар бейнесін (жағымды кейіпкер) хайуанатқа теңеуді табу қиын емес. Мысалы, "Қамбар батыр" эпосынан Қамбарды "сұңқар", "аш бөрі", "қаранар" т.б. деп теңегенін көреміз. Ал, арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты деген теңеу мысалдар жиі кезігіп отырады. Эпостағы тағы бір жәйт, жау батырларына да мұндай теңеулер қолданыла береді. Мысалы, Қобыланды батыр бір соғыста ауыр жараланып, жалғыз қалғанда іздеп келген баласы Бөкенбайға Шошай ханның осал жау емес екенін аңғартады.

Көк шекпенді көк бөрі,  
Қызылбастан хан Шошай,  
Менен туған ұл болсаң,  
Бөкенбай қалма артынан [1].

"Алпамыс" эпосында Тайшық хан Алпамыстың өш алуға келе жатқанын түсінде көреді. Түсінде Алпамыс екі көзінен от жанып, қаһар шашып келеді екен. Шошып оянған хан қол астындағыларға былай дейді:

Күрсаулы қара нар келіп,  
Қарсы қарап шабынды.  
Бір арыстан өзіме,  
Шабатұғын көрінді.

Бұл екі мысалда эпоста жау батырларының мықтылығы да әсіреленіп бейнеленетінін көрсетеді.

Батырларды хайуанатқа теңеп, мадақтау тәсілін сонау VII-ғасырдағы Түрік империясының әйгілі тас жазбаларынан да көреміз. Мысалы, тонигок жазбасында мынандай жолдар бар:

Әкем Қағанның қосыны бөрілей,  
Жаулары қойдай бопты [2].

Ал, XV-ші ғасырда қағаз бетіне түскен, Түркі тайпаларының эпосы "Оғызнамада" батырлар кейіпкерлерін хайуанатқа теңеу тәсілі көзге түседі. Қырқынан жаңа шыққан Оғыз бейнесін:

Аяғы Оғыздың аяғы,  
Белі бөрінің беліндей,  
Жауырыны бұлғынның жауырынындай,  
Кеудесі аюдың кеудесіндей,  
Тұла бойы түгел түк басқан.

деп суреттелген [3].

Батырларды хайуанатқа теңеу тек қазақ эпосында ғана емес, басқа елдердің эпосынан да орын тауып отырған. Қырғыз халқының атақты "Манас" эпосында Манасты былай теңейді:

Арқасында баланың,  
Қара-көк жалы көрінді.  
Қара сағыр қабыраны,  
Қатпалында шабыны.  
Көсеу күйрек көк арыстан,  
Он жағында қабынды.

Мандоп мырза да өзінің “Жәңгір” эпосындағы байырғы Моңғол эстетикалық идеясы” деген мақаласында батырлар бейнесін хайуанатқа теңеудің үлгілерін көрсеткен. Осыларға қарағанда, жағымды образдарды хайуанатқа теңеу эпостың маңызды көркемдік тәсілі болып саналған. Осылайша жыртқыш та жырынды хайуанаттарды өздері табынатын батырлармен салыстыра теңеу маңызды дәстүрге айналған.

Адамзат жаратылыстық орта, тіршілік шарт жағдайын өз түсінігінше таныды. бейнелеу сөздерді де өздеріне неғұрлым таныс құбылыстардан іздеді. Мұндай тәсіл әр елдің өзінің мәдениеті мен әдебиетінен көрініп отырады. Мәселен, балық қыз деген бейнелі тіркес, аңыз тек теңіз бойындағы халықтарда болады. Ұзақ заман егіншілікпен шұғылданған Қытайда “Ше Жі” (жер тәңірі мағынасында) [4] деген киелі образ пайда болған. “Лай мерген” деген бейне аңшылық кәсіппен шұғылданған евенкі ұлтынан ғана туады. Сайып келгенде, әр ұлт өз ортасында, өз жағдайында, өз тіршілік заңдылығын бейнелейді. Керісінше, балықшыны атқа мінгізіп, бүркіт салдырып, аң аулатсаңыз, немесе малшыны қайыққа отырғызып, тор жайдырып, балық аулатып қойсаңыз, күлкіге қалар едіңіз. Өйткені, әрбір кәсіптің өз ерекшелігі көрсетілуі қажет. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ халқының көркемдік ойлау жүйесі сахара дүниесімен байланысты екені байқалады. Әсіресе, батырлық эпос пайда болған аласапыран дәуірлер, аспандағы ұшқан құстар, жердегі жүрген аңдар, тегеурінді екпінмен көк тілген қыран, жырынды, жойқын күштің иесі теңбіл жолбарыс, азуын айға білген айбарлы да адуын арыстан, жыртқыш, үйірлі көкжал бөрі, қара жердің қайығы-бура, арқа бермес бір мойын бұқа, алған бетінен қайтпайтын қабан т.б. образы қазақ ұлтына ұнамды болатыны табиғи.

Эпостағы көптеген батырларды хайуанатқа теңеу тәсілі де ұлттық психикаға сай келетін тәсіл. Бүгін бұған тосырқай қарағанымызбен ақиқат бізге мынаны ұғындырды: көне замандағы атақты хан және әйгілі батырлардың көбі хайуанатқа теңеп ат қойған. Мысалы X-ғасырда қазақтың найман тайпасының қағаны “Білгі бұқа қаған”, оның орынбасары “Бай бұқа қаған” деп аталған. XI-ғасырдағы әйгілі Қарахан патшалығы қос хан түзімін жүргізген. Азуын айға білген айбарлы да адуын арыстан, жыртқыш ханы “Бақыра қара қаған” деп аталған [5]. Осылар сияқты Египеттегі “арыстан денелі адам” тас мүсіні және гректің арыстан тұлғалы сфингтің бейнесі де жоғарыдағымызға дәлел болар. Сайып келгенде, көшпелі тұрмыстың жаратылыстық ортасы жаугершілік заманда жасаған адамдарға жыртқыш хайуанаттар табиғи түрде ой салған. Олар өздерінің атының хайуанатқа теңелуін мақтаныш еткен.

Көне замандағы адамдарға хайуанаттың образы жағымды эстетикалық сезім тудыратыны қалай? Бұл мәселе туралы төменде қасқырды мысал қылып талдамақшымыз.

Қазақ эпосында батырларға теңелетін әр түрлі хайуанат ішінде қасқыр бейнесі көп кездеседі. Батырларды қасқырға теңеудің екі себебі бар. Бірі көне дәуірдегі адамдардың төтемге табынуының қалдығы, енді бір себебі қасқырдың мінез-құлтығы жаугершілік дәуіріндегі адамдарға ерекше болып көрінуінен.

Төтемге табыну алғашқы қауымдағы адамдардың рухани тірегі. Орта ғасырдың алғашқы мезгілінде көкжал бөрі түріктерге төтем болғандығын тарих ғылымы әлдеқашан анықтаған. Сондықтан, бұл туралы тоқталмаймыз. Біздің қызығып отырғанымыз - батырларды тудырған немесе батырлық эпосты гүлдендіріп дамытқан жаугершілік дәуірде төтем болған көкжал бөрінің атқарған ролі.

Алғашқы қоғамда адамның әруағы, әр заттың жаны болады деген ұғым пайда болған. Сол кезде адамдар табынған төтем айбарлы және қасиетті саналған. Осыдан төтемдіктің әруағы ел қорғайтын қасиетті образға айналған. Ал, тайпалық дәуірге өтіп, тайпалар арасында соғыс-қағыс оты тұтанғанда, төтемдік сезім бұрынғы бұлыңғыр бейнеден бір тайпаның немесе біреудің қорғаушысы мен жарылқаушысына айналған. Түркі тілдес тайпалар өзінің күшейіп, билік жүргізген дәуірінде, көкжал бөріге табынып, оны төтем тұтқан. Төтемдіктің сипаты дами келе түркі тілдес тайпалар оны ұранына айналдырған. “Алтынменен түсірді, бөрі басын байраққа” деген құбылыс түрік тайпалардың белгісіне айналғандығы аңғарылады [6]. Сондай сипат “Оғызнамада” күн сәулесінен пайда болған бір көкжал бөрі суреттеледі. Көкжал бөрі Оғызды үнемі жеңіске бастап отырады. Оғыз жорыққа шыққан сайын ықыласпен:

Мен сендерге болдым қаған,  
Алындар жақ пен қалқан.  
Таңба бірге болсын береке,  
Көк бөрі болсын ұран,- дейді екен [7].

Қазақтың көне жырларында мынадай шумақтар да кездесіп отырады:

Бөрі басы - ұраным,  
Бөрілі менің байрағым.  
Бөрілі байрақ көтерсе,  
Қозыл кетер қайдағым [8].

Қазақ фольклоры мен көне салттардағы ұран сөзіне талдау жасау аса маңызды. Оның мәні тек сөзді жалаң мағынасында ғана емес, астарындағы ұлттық төтемге табыну мен әуаққа табынуда жатыр. Ал, батырлық эпостағы ұран төтемдіктің де, батырлықтың да қасиетін көрсетеді. Өйткені эпоста көне заман адамдарының төтемге құдіретті күш ретінде сенгендігі баса жырланады. Батырлық эпостан біз мынадай бір тебін көреміз:

Көкжал бөріні өзінің қорғаушысы деп сеніп, бөрі байрағын көтеріп, бөрі ұранын шақырып, жауға қарай жорытқанда бөрі төтемі өздерімен бірге қан майданға келеді деп ойлайды. Сондай-ақ, әскерлерге бөрінің өжеттілік қасиеті де дарығандай болып сезіледі. Мысалы, қазақ эпосындағы теңеу түрінде қолданылатын көкжал бөрі үнемі ұнамды образ ретінде алынып, батырдың жауға жалғыз шапқандығы қайтпас қайсарлығы мен жанкешті ерлігін бейнелеуге қызмет етеді. Мәселен, "Қобыланды" эпосында:

Жалғыз өзі батырдың,  
Жойып кетіп барады.  
Қойға тиген қасқырдай,  
Сойып кетіп барады.

деген жолдар дәл осыны білдіреді. Сондықтан, құдіретті де күшті көкжал бөрі ел жүрегінде жеңімпаздық бейнесі болып көрінеді. Осының өзі адамдарға эстетикалық сезім береді. Ал, қазақтың әдет-ғұрпында және фольклор шығармаларында көкжал бөріден имену үрдісі байқалады. Мәселен, малшылар бөрінің атын тергейді. Атап қойсақ, пәлеге қаламыз деп түсініген. Сөйтіп, бөріні қасқыр ("қас қыл" деген сөзден келген), итқұс, шұнай деп атаған. "Оралдың әңгімесі" деген халық аңызында жылқышыға тиген қасқыр қазы, ақылшы болып, оны неше түрлі қиян-кескі апаттан құтқарып, жылқыларын қорғаған.

Жыртқыш аңдар арасында әлсіздері күштіге жемтік болады. Бұл жыртқыш аңдардың табиғи тіршілігінің қағидасы. Көкжал бөрі өзінің жансөбилдігі, жыртқыштығы және алымдылығы арқылы жан бағады. Егер бөріде мұндай ерекшелік болмаса, өзі басқаларға жем болатындығы табиғи. Осындай табиғи заңдылыққа сай, аласапыран дәуірде, әлсіздер күштіге жем болған қатігез қоғамда, ру-тайпаларға қашан да талап-тараждың, езгінің хауіп төнеді де тұрады. Қоғамның мұндай қатігездігі адамдардың жыртқыш аңдарды керемет тұтуын тудырған. Сол кездегі адамдар өзінің тайпасынан көкжал бөрідей аузы, арыстандай айбатты, алған бетінен қайтпайтын ер жүрек батырлардың шығуын аңсаған. Эпостағы батырларды "қаланың аузын қан қылды, қақланың аузын шаң қылды" деп суреттеу, бір жағынан батырдың қаһармандығын білдірсе, екінші жағынан қатігездігін де көрсетеді. Мысалы "Ер Тарғын" эпосында, Тарғын Ақжүністі алып қашып, ханзада ханның ордасына келеді. Ханзаданың талабы бойынша, Тарғын Шаған өңіріндегі қалмақтарға сұрапыл шабуыл жасап, олардың жерін тартап алады. Мұнда көбінесе батырлар сылтау болсын-болмасын басқа тайпаларға қырғидай тиеді. Бұның мақсаты бір ғана, тек бағындыру, шауып алу және тұтқынды құл қылу. Міне, қатал қоғам адамдарды желіктіріп, көкжал бөрі сияқты олжаға әуестендіргені болса керек.

Қазақтардың бағзы заманнан келе жатқан көкпар ойыны алғашында ат-үсті соғысқа жаттығу әрекеті еді. "Көкпар" деген сөз "Көк бөрі" деген екі түбір сөзден келген. Осыған қарағанда, көкпар ойыны әуелі бөрінің адамдарға берген әсері сияқты. Бөрі өзінің алғырлығымен жемтік түсіргенде, шапшаңдығы адамдарды сүйіндірген. Осыған елдер әдейі еліктеп үйренген. Атпен шауып бара жатып жердегі көк лақты іліп алып қашады. Немесе, осы "жемтікке" бөрідей ұмтылып келіп, тартыса түседі. Мұның дәлелін тағы мынадай мысалдан көреміз: қазақтар жауырыны жерге тимеген палуанды, құралайды көзге атқан мергенді қасқырға теңейді. Теңелгендер мұны данқ, мақтаныш көреді.

Сайып келгенде, батырлық эпостағы жағымды кейіпкерді жыртқыш аңға теңеу тәсілі хайуанаттардың танданарлық күшіне, жасқанбас қайсарлығына, алғырлық әрекеті мен жыртқыштық қасиетіне еліктеуден туған. Жұртқа аян, Қобыландының шешесі Қобыландыға екі қабат болғанда жолбарыстың (немесе арыстанның) жүрегімен немесе аюдың етімен жерігін басады. "Шеризат" қиссасындағы Шеризат дүниеге келісімен арыстанды емеді. Біраз еміп алып, арыстанды екі қолымен басына көтеріп алып ойнайды. Мұнда ананың жолбарыс, арыстан жүрегіне немесе айдаһардың өтіне, аюдың етіне жерік болуы, оның құрсағында жатқан баланың қандай болатынын меңзеп тұрғаны анық.

Бұлай жырлау жана туған баланың болашақта елін-жұртын қорғай алатын арыстандай айбатты, жолбарыстай жүректі батыр адам болуын аңсағандықты білдіреді. Мал шаруашылығымен шұғылданатын қазақ халқы батырларды мадақтап, хайуанатқа теңейтіндігі осыдан.

Бұл арада ескере кететін нәрсе, батырларды жыртқыштарға теңеу - ұлттық мәдениетте еркеше эстетикалық көркемдік маңыз алады. Өйткені, батырды жыртқыш аңға теңеу бұл мәдениет сатысындағы ұлттарға ешқандай жағымсыз мағына бермейді. Керісінше, қасқыр, арыстан, - тіпті қабан т.б. хайуанатқа теңелсе, онда ел оны даңқ санайды.

#### Ә Д Е Б И Е Т Т Е Р :

1. "Қызақ қиссалары". 2-кітап, 511-941 беттер. Қытай ұлттар баспасы. 1984 жыл. Пекин.
2. "Асыл арналар". 83-бет. Алматы. 1984 жыл.
3. "Оғызнама, махаббатнама". 19-16 беттер. Алматы. 1986 жыл.
4. Жер жаратушы мен ел жаратушысы бір болып жаралған тәңір. Кейін "Отан", "Мемлекет" мағынасына айналған.
5. "Қытай аз ұлттар әдебиеті". 22-бет.
6. Арлан-арыстан, бақыра-бура.
7. "Тарихи шежіресі" түрік кітабы. 50-бет.
8. "Білім және еңбек". 1984 жыл. Алматы 20-бет Қаржаубай мырза тағы Монғолиядағы қазақ бақсыларының жын шақыратын жолдарын келтірген:
  - Бөрі, бөрі, бөрі ием,
  - Кел жебеуші бөрі ием.
  - Ұмай ене, шашты Әзиз,
  - Еміп өскен бөрі ием.
  
- Арлан, арлан бас бөрі,
- Алты құлаш сиі бөрі.
- Алтай көкжал жас бөрі,
- Азулы туған қас бөрі.

## ОМАРОВ - ТАЛАНТТЫ СЫНШЫ

*Дан многосторонний анализ творческой деятельности видного литературного критика, публициста и общественного деятеля И.Омарова. Показан его вклад в развитие современной казахской литературы.*

Соңғы 15-20 жылдың көлемінде қазақ әдеби сынының тарихын зерттеу саласында көңіл қуантарлықтай ауқымды істер атқарылды. Бұл тұрғыда белгілі сыншы, зерттеуші профессор Т.Кәкішев "Сын сапары", "Оңаша отау", "Қазақ әдеби сынының тарихы", филология ғылымдарының докторы Д.Ысқақовтың "Сын семсер", "Сын шын болсын" секілді кітаптарын айтуға болады. Демек қазақ әдебиет тану ғылымы, қазақ әдеби сынының тарихын ғана емес, теориялық мәселелерін де өз шама-шарқынша зерттеп келеді. Осы арқылы әдеби сынның эстетикалық принциптеріне қазақ сыншылары да талдау жасап, оған өз білім-парасатымен белсене атсалысуда.

Қазақ әдеби сынының тарихында сынның жанрлық ерекшеліктерін арнайы зерттеген еңбектер саусақпен санарлықтай, тіпті оның кейбір түрлері туралы ауыз толарлықтай әңгіме айтылмады десе де болады. Бұл қазақ әдеби сынының қордаланып қалған күрделі проблемаларының бірі. Сондықтан да мұндай проблемалар күн тәртібінен түспеуге тиіс. Туған әлдебітімізде әдеби сын барлық жанр тұрғысынан толысып, өркендегенін зерттеушілер анықтап, дәлелдеп отыр. Өкінішке орай, қазақ әдебиет танушылары сын жанрының жалпы проблемаларын зерттеу мәселесінен аса алмай келе жатыр. Қазір олардың алдында әдеби сын түрлерінің әрқайсысының даму эволюциясын жеке дара зерттеу мәселесі тұр. Себебі, әдеби сынның кейбір түрлері шарықтап дамып кетті де, ал енді екінші бір түрінің дамуы керісінше, баяулап қалды. Қалай дегенде де, дамыған әдеби түрін жеке-дара зерттеушілер зерттемейінше, әдеби сынның теориялық мәселелері туралы жинақталған қорытынды пікір айту қиын.

Ал, қазақ әдеби сынының даму тарихына үңілсек, алдымен айқулақтанып алыстан көзге шалынаатыны - портреттік сын мақалалар. Қазақ әдеби сынының жанрлары соқтықпалы санқилы тар сұрлеулерден өтті. Портреттік сын мақаланың дамуы да әрқилы болып келеді. Оның алғашқы үлгілері "Дала уалаятының газеті", "Айқап", "Қазақ" газет-журналдарында көрініп, бірте-бірте қалыптаса бастады. Осы аталған басылым беттеріндегі портреттік сын мақалалардың талабына толық жауап бере алмайтын еңбектердің бүтінде әбден толысып, кемеліне келген қазақ портреттік сын мақалаларының бастау көзі болып тұрғандығы сөзсіз.

Портреттік сын мақалалардың алғашқы үлгісіне К.Ысқақовтың, А.Байтұрсыновтың т.б. қаламгерлердің еңбектері жатады. "Қазақ" газетіне жарияланған "Қазақтың бас ақыны" атты мақаладан кейін арада он жылдан астам уақыт өткенде Ж.Аймауытовтың "Мағжанның ақындығы" атты мақаласы жарқ ете қалды. Осы екі мақаланың ішінде, әсіресе соңғысының портреттік сын мақалаға жататынына ешкім күдік келтірмейді. Ендеше, қазақ портреттік сын мақаласының классикалық үлгісінің туған уақыты ХХ ғасырдың 20-жылдарының алғашқы кезеңі дей аламыз. Бұның өзі кездейсоқ жай емес. Уақыт талабының жағдай қыспағынан туған шара. Олай дейтініміз, қазақ төңкерісінен кейінгі жылдардан басталған ұлтжанды қазақ интеллигенциясы мен кеңес идеологиясын жақтаушы интеллигенттер арасындағы түрлі келіспеушіліктер мен пікір қайшылықтары 20-жылдардың орта шеніне қарай барынша асқына түскендігін айғақтайды. Әлгі талас-пікірдің жалпы қазақ әдебиетінің дамуына ортақ проблемалар төңірегінде болмай, жеке-кеген жазушылардың шығармалары төңірегінде өрбігендіктен де, сол тұстағы қазақ әдебиетінде портреттік сын мақалалар қаулай түсті. Бірақ, сол сын мақалалардың идеялық бағыты мен саяси-әлеуметтік астары бірдей деңгейде болған жоқ. Ал, Ж.Аймауытовтың "Мағжанның ақындығы туралы" портреттік сын мақаласының бітім-болмысы өзге қаламгерлердің портреттік сын мақалаларынан мүлдем өзгеше болды. Жүсіпбек Аймауытовтың осы аталған мақаласы сипаты жағынан портреттік бола тұрса да, проблемалық сын мақалалардың жүгін көтере алды. Сондықтан да 20-жылдары жалпы қазақ әдебиетін танудың ортақ проблемаларын қозғаған сын мақалалар жазылмады деген пікірдің біржақтылығы сезіліп қалады.

Айрықша ескеретін мәселе, 20-жылдардан кейінгі уақытта проблемалық сын мақалалардың орнын портреттік сын мақалалардың ауыстырған кезі болған емес. Демек, портреттік сын мақалалар әдебиеттің ауыр жүгін көтеріп, соның арқасында қазақ әдеби сынының дамуына бағыт сілтеп, даңғыл жолға түсуіне ықпалын тигізе білді. Біз бұл пікірімізді Ж.Аймауытовтың өңгімеленіп отырған "Мағжанның ақындығы" деген мақаласына сүйсініп айтып отырмыз.

Портреттік сын мақалаларды А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Жұмабаевтың сын мақалаларына байланысты Ғ.Тоғжанов та жазған. Бірде артық, бірде кем, бірде дұрыс, бірде бұрыс сөйлеген уақыт тамырын дәл баса алмай, талтүсте адасқан Ғ.Тоғжановтың әлгі мақалалары жеке адамдардың шығармашылығына арналғанмен қазақ әдебиетінің таптық сипаты туралы қозғай алды. Ал, таптың әдебиет төңірегіндегі айтыс-таластары сол кездегі қазақ әдеби сынының ортақ проблемасы болатын. Олай болса, Тоғжановтың портреттік сын мақалаларында да әдебиеттің жалпы идеялық бағыты белгілі бір дәрежеде сөз етілді. Бұған қарап Ғ.Тоғжановты Ж.Аймауытовтың дәстүрін жалғастырушы немесе соның әдеби сынындағы өнегелі ісін алға жылжытушы деп қарай алмаймыз. Себебі, Ғ.Тоғжанов өзінің портреттік сын мақалаларында жалпы әдебиеттің ортақ мәселелерін қозғауға біртабан жақын тұрғанымен, бұл тұрғыда айқын бағыт ұстай алмады. Ұлттық әдебиеттің мүддесін жоғары коқтың келелі мәселелерден тысқары тұрды. Міне, оның Ж.Аймауытовтың портреттік сын мақалалары арқылы жалпы әдебиеттің күрделі сауалдарына жауап беретін озық тәжірибесін жалғастыра алмайтыны осыдан. Негізінен алғанда, портреттік сын мақалалардың дамуы, қалыптасуы әлі толық танылып болмаған нәрсе. Әдебиет сыны - жанрдың бұл түріне әр дәуірде, тіпті әрбір жылы әлденеше рет қайталанып, соғып отырады. Қазақ әдебиетіндегі көрнекті ақын-жазушылардың қатары қалыңдап, олардың шығармашылық жолы өркендеген сайын портреттік сын мақалалардың да саны өсіп, міндеті күделілене түскен.

30-50 жылдардағы әдеби сының даму тарихынан бұның жарқын мысалын көптеп кездестіреміз. Бұл аталған кезеңдерде портреттік сын мақалаларды өндіріп жазушы бірнеше талантты сыншылар есімі анықталды. Олар М.Қаратаев, Е.Исмаилов, Б.Кенжебаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Т.Нұртасин, Б.Шалабаев, т.б. Портреттік сын мақалалардың дамуы көп жағдайда әдеби сының жаңа жас буын кадрлармен үнемі толысып отыруына тікелей қатысты болды. Басқасын былай қойғанда, тек 50-60 жылдардың кезінде қосылған жаңа буын І.Омаров, З.Қабдолов, А.Нұрқатов, Р.Бердібаев, М.Базарбаев, Р.Нұрғалиев, С.Қирабаев, Н.Ғабдуллиндердің өзі портреттік сын мақалаларға ерекше көркемдік сапа қосты.

Осы көп тізімнің ішінен І.Омаровтың есімін айрықша атап айтқан жөн. І.Омаров - талантты сыншы. Ол әдебиеттің күрделі проблемаларын жеке тұлғалардың творчествосы арқылы жеткізуді мақсат тұтқандардың бірі. Яғни, бір кездегі Ж.Аймауытов қалыптастырған сыншылық дәстүрлі 50-60 жылдардың ішінде қайта түлетіп жаңғыртқан сыншы.

Көрнекті әдебиет сыншысы, публицист, қоғам қайраткері І.Омаровтың қазақ мәдениетінің үлкен жанаушыры, қоғам қайраткері болуымен қатар қазақ әдебиетінің мәселелері жөнінде туған әдебиеттің даму процестері жайындағы сындарлы ой-пікірі публицистикалық сын еңбектері хақында кезінде аузы дуалы қазақ зиялыларының біразы төп-тәуір қоғамдық өлі қалыптастырды. Сонымен қатар, сыншының "Әдебиет туралы ойлар" (1962), "Оқырман көзімен" (1967), "Серпін" (1970), "Шабьт шалқары" (1973), "Әдеби тоғамдар" (1988) атты кітаптары жайында да, республикалық мерзімді басылымдар бетінде де әр кезде, әр түрлі көлемде сын мақалалары мен рецензиялары жазылып отырылды.

Шындығында да көрнекті сыншының еңбектері әлі толық зерттелген жоқ. Зерттеу былай тұрсын, оның өмірбаяны, азаматтық, адамгершілік тұлғасы туралы ой-пікірлер де жинақталып, оқырмандар қолына табыс етілген емес. Тек қана жазушы Ж.Молдағалиевтің "Жомарт жүрек" деректі повесінде оның өнердегі өнегелі өмірінен көп мәліметтер береді. (А. "Өнер", 1990.) Қазақ мәдениетіне сыншының қоғам, мемлекет қайраткері ретінде қосқан үлесін әр кезде тиіп-қашып айтқанмен, сол үлестің де дерегі анықталып, түсі түстелген емес. Көрнекті жазушы Ғ.Мүсіреповтың "Лиястан қалған әдеби мұра әлі түгел жиналып болған жоқ. Лияс туралы айтылар сөз де түгел айтылып болған жоқ, ол да кезінде жинақталып айтылар, әзірше жалғыз-ақ ескерте кетерім: марқұм І.Омаров әрі кен, серпінді мемлекет қайраткері, әрі толық ойлы, адал да әділ әдебиет сыншысы еді" - деп көкейіндегі ойын ақтарып салды [1]. Жоғарыдағы айтылған мәселелерді елеп-ескеру, әрі І.Омаровтың қазақ халқының мәдениетін, қазақ әдеби сының өркендетуіндегі еңбегінің ауқымдылығы, сол ауқымды жұмыстың әлі күнге ғылыми бір жүйеге түспегендігі бізді келелі мақсаттың соңына түсуге жетелейді. Ол мақсат - І.Омаровтың әдеби-сыншылық, публицистикалық мұрасын түгел жинақтай отырып, жан-жақты зерттеп, ғылыми жүйеге түсіру.

Дегенмен, сыншы талантының өзіндік орны бөлек. Жазушы шығармаларын оқырман ретінде оқи отырып, зерделі ой түйіндері арқылы ақын-жазушыларға, әдебиетші қауымға, өнер қайраткерлеріне бағыт беріп, шығармашылық талантын тану арқылы ғылыми баға беру де оңай жұмыс емес. Қаламгердің құдіретті талантын, халыққа таныту - сыншы еңбегінің ой-толғамдарымен іске асып жататын табиғи дарын. Белгілі сыншы Тұрсынбек Кәкішев "Қазақ әдебиеті сынының тарихы" деген оқу құралында қазақ әдебиеті сыны мен ғылымының тарихи белестерін үш кезеңге бөліп қарастырған. "Бірінші кезең - қазақ әдебиет сынының туу дәуірі, қазақ әдебиеті сынының туу процесі Қазан төңкерісіне дейін созылған. Екінші кезең - қазақ әдебиеті сынының жанр ретінде қалыптасу және әдебиеттану ғылымының туу дәуірі. Бұл процесс 1917-1937 жылдардың арасын қамтиды. Үшінші кезең - қазақ әдебиет сынының өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірі 1938-1985 жылдар аралығы" - деп, пайымды да, парасатты ой-толғамдарын ғылыми негізде көрсете білген. Екі бөлімнен құралған тартымды оқулықтың бірінші бөлімінде "Қазақтың сыни-ой-пікірінің оянуы және әдебиет сынының тууы" туралы ой-толғамдарын байқатса, екінші бөлімінде "Қазақ сынының жанрлық қалыптасуы және әдебиеттану" туралы сының көркемдік ерекшелігі жайлы құнды пікірлерге ерекше тоқталалды. Автор "Сын - өнер, өнер болғанда өте қиын өнер. Белинскийден бастап бүгінгі белгілі сыншыларға дейін сыншы дарыны өте сирек кездесетін талант екенін, сыншы болу ең қиын да, жауапты әлеуметтік-эстетикалық міндет екенін" ескертеді [2]. Сонымен бірге "Сынды тек қана сынау құралы" деп түсіну қателік. Сынның ең әуелгі және негізгі міндеті - әдемілікті, сұлулықты, жарастықты, парасаттылықты, көркемдікті қастерлеу, жақсыға қуану, жаманға қамығу, гүлденер өнерге қолғабысын тигізу, теріс жолдан сақтандырып, оңға бастау, бағыт-бағдар сілтеу" - деп ой түйеді [2].

Белгілі сыншы Т.Кәкішевтің талант тағдырына ерекше қарайтынын оқулықтың өнбойынан байқайсыз. Әсіресе, "Жазушы" баспасы сын жинақтары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарына едәуір көңіл аударғанына назар аударып, соның нәтижесінде беделді сыншыларымыз М.Қаратаев, С.Қирабаев, Р.Бердібаев т.б. секілді елге танымал ғалым-сыншылар еңбегіне де ерекше мән береді. Соңғы жылдары шыққан "Қазақ халқының әдебиеті", "Жайсаң жандар", "Өнердегі өнегелі өмірлер" жинақтарына ерекше мән бере отырып, өнер қайраткерлерінің талантына көңіл аударады. Әсіресе, "Өнер" баспасы "Өнердегі өнегелі өмірлер" циклі бойынша Қалибек, Жүсіпбек, Серке, Садық Керімбаев, Бакытжан Байқаламов, Шәкен Айманов, Ілияс Омаров жайлы деректі ғұмырнамалар шығарып, өнер қайраткерлерін еліне таныстыра бастады" - [2] деп сыншы Т.Кәкішев өнер иелерінің талантын бағалай отырып, қуанышпен ой-толғайды.

Белгілі жазушы Жайсаңбек Молдағалиевтың "Жомарт жүрек" деректі повесінде қазақ халқының белгілі сыншысы, көрнекті қоғам қайраткері І.Омаров жайлы деректемелер берілген. Белгілі сыншы әрі қоғам қайраткері І.Омаров 1967-70 жылдары Қазақ ССР Мәдениет министрі болып істеген. Табиғи таланты жан-жақты дамыған І.Омаров қазақ әдебиеті мен көркем өнерінің тарихы, жай-күйі жөніндегі көптеген публицистикалық әдеби-сын еңбектерінің авторы бола жүріп "Қазақ ССР тарихының" толықтырылып екінші рет басылған басылымның (1949) жалпы редакциясын да басқарады. Қоғам қайраткері ретінде елге танымал болған І.Омаровтың табиғи талантын ерекше байқатқан әдеби сын мақалалары болды. Оның ұшқыр қаламынан туындаған "Әдебиет туралы ойлар" (1962), "Оқырман көзімен" (1967), "Серпін" (1970), "Шабыт шалқары" (1973), "Әдеби толғамдар" (1988) атты қомақты жинақтары жарық көрді. Бұл жинақтарда қамтылған сын мақалалардың, жол жазбалардың, деректемелердің, публицистикалық мақалаларға тән ерекшеліктері сыншы талантының құдіретін байқатады.

Табиғи талант - өнер иесіне тән. Қазақ әдебиетінің шығар биігін алдын-ала болжай білген талантты сыншы І.Омаровтың әрбір сын мақалаларын кезінде оқырман қауым қызыға оқып, талап-талғамын арттырып, өнер шыңына батыл шығуға талпынды. Белгілі сыншы М.Қаратаев "Ізденіс іздері" деген әдеби-сын мақалалар жинағындағы "Сыңға қолдау, сыншыға қамқорлық керек" деген мақаласы арқылы сыңға ерекше мән береді. "Сыншы атаулының нақты ролін қадағалап айтқан А.В.Луначарский былай депті: "Сонымен, сыншы дегеніміз үлкен қауымның өнер дүниесіне жіберген емшісі екен. Ол - суреткер мен көпшілік арасын байланыстырушы... Ол - көркем сұлулықты мүмкін қарар тез, барлық ынта жігермен өмірдегі ерлікке, игілікке айналдыруға ынтызар оқушы. Ол айрықша - талантты" [7]. Сыншы талантына ерекше мән берген академик М.Қаратаевтың ой-толғамы сыншы еңбегінің құрделілігіне назар аудартады.



І.Омаров таланты да, дарынды сыншылардың қатарына жатады. Дегенмен ол туралы сын еңбектер аз жазылса да, оның талантынан туындаған сын-мақалалар халықтың ой-өрісін дамытып, әдеби талғамын дамытуға көп себепкер болғандығы айқын.

Қазақ әдебиеті сыны мен ғылымның тарихи белестерінің үшінші кезеңінде, әсіресе қазақ әдебиет сынының, өсіп-өркендеу және әдебиеттану ғылымының қалыптасу дәуірінде белсене еңбек еткен қазақ әдебиетін дамытуға зор үлес қосқан талантты сыншы І.Омаровтың табиғи дарынына ерекше мән беріп, оның еңбектерін ғылыми тұрғыда зерттеуге тұрарлық.

#### Ә Д Е Б И Е Т Т Е Р :

- 1.Омаров І. "Әдебиет туралы ойлар" (сын мақалалар). А. ҚМ.К.Ә.Б. 1962.
- 2.Көкішев Т. "Қазақ әдебиеті сынының тарихы" (оқу кұралы) А., "Санат", 1994, 3-б.
- 3.Омаров І. "Оқушы көзімен" (сын мақалалары). А., Жазушы, 1967.
- 4.Омаров І. "Серпін" (сын мақалалары). А., "Жазушы", 1970.
- 5.Омаров І. "Шабыт шалқары" (сын мақалалары). А., "Жазушы", 1973.
- 6.Омаров І. "Әдеби толғамдар". А., "Жазушы", 1988.
- 7.Қаратаев М. "Ізденіс іздері" А., "Жазушы", 1984. 249-б.

### КІТАБИ АҚЫНДАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЛЫ

*Показан значительный вклад казахских поэтов-книжников в развитие национальной литературы и дана научная оценка их творчества.*

Қазақ әдебиеті тарихы әртүрлі саясаттың шеңберіне сыймаған тұстарын ойланбай қырқып тастап, жұлып алып, лақтырып тастаудан әбден жұлмаланған, сілкіленген, әр жерінен бір беттері қалған ескі кітапты елестетеді...

Дінді жақтады, соны уағыздады деп ұланғайыр мол дүние - діни дастандарды жаратпады. Өткен күннің "ұр да жық" батырларын, озбыр би, жауыз хандарын дәріптеді" деп тарихи жырлар, "орыс мәдениетін түсінбеді, өткенді көкседі" деп тәуелсіздікті жырлаған ірі ақындар лақтырылды. "Шығыстан көшіріліп алынған, тәрбиелік мәні жоқ, тіпті, оны қазақ әдебиетінің шығармалары деп атауға болмайды" деп кітаби ақындар ысырылып тасталды. Осылардан кейін XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы сан-салалы бай әдебиетіміз сидиып шыға келді. Әр кезеңдегі партия қаулыларынан кейін "сыналған кемшіліктерді жою жолында" талай қазыналар қоқысқа тасталды. Қазақ әдебиетінің тарихы қайта жазыла берді. Міне, сол көптің көзінен таса, көңілінен аластатылған шығармалардың бірі - XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіне ерекше түр мен мол туынды берген кітаби ақындар шығармалары.

Кітаби ақындар деген атауға қазақ әдебиеті тарихында қандай түсінік берілгеніне біраз назар аударайық. Бұлар кімдер, негізгі ерекшеліктері, ұстаған бағыттары қандай? Бұл ақындар қазақ әдебиеті тарихында зерттеушілер тарапынан қандай баға алды?

Қазақ әдебиеті тарихында кітаби ақындарды нақты зерттемесе де әр кезеңде қайта оралып соғып, оларға бағалы пікірлер айту М.Әуезов еңбектерінен көптеп ұшырасады.

"1836-1870 жылдар арасында Ораз молда, Мұса молда, Майлықожа, Мәделі, Шәді төре, Жүсіпбек қожа, Мақып Қалтаев, Қашафуддин, Әріп және басқа ақындар болған. XX ғасыр басында олардан қалған мұра 120 поэма еді" [1]- деп үлкен бір шоғырдың барлығына, олар туғызған мол дүниеге жөн сілтейді, оларды өзі жазған қазақ әдебиеті тарихына енгізбейді. Ол туралы өзі былай деп түсінік береді: "Бірақ, бұл жазылып отырған әдебиет тарихында мақсат қылған нәрсеміз ең әуелі қазақтың нағыз өз әдебиетін ашып алу болғандықтан, дін ағымымен туып, жат жұрттың үлгісі сияқты болып көшіп келген әдебиетін әзірше қозғамаспыз емеспіз"[2].

Біздің ойымызша, М.Әуезовтің бұл пікірі ақындардың әдебиет тарихынан шығарып тастауға лайында емес, сол кездегі саясатқа орай сақтық жасағаны, тарихқа енгізбесе де, осындай бір қомақты дүниеге ізденушісі табылар күн болса деп қалдырған бағыт-бағдары іспетті.

Әдебиеттегі осы бір кезеңнің өңіндік ерекшелігін А.Байтұрсынов та өз оқулығында нақтылап түсіндіруге тырысады.

Ахмет Байтұрсынов олар өмір сүрген кезеңді діндар дәуір әдебиеті деп атайды. "Діндар дәуір әдебиетімізге араб, парсы әдебиетінен үлгі алып, соларды еліктегеннен пайда болған. Ділмар дәуір орыс әдебиетінен өнеге көріп, үлгі алып, соған еліктеуден пайда болып отыр" [3]. Өзі саралаған екі бағыттың бастау алар көздерін ашып көрсетеді. "Бастапқы жазба әдебиеттің бас мақсаты - дінді жаю, дінді күшейту болды"[4] деген сөздері қазақ әдебиеті тарихында жазба әдебиеттің көш басшылары кітаби ақындар дегенге саяды.

Кітаби ақындар кімдер, несімен ерекшеленеді деген сұрақты әдебиетті зерттеген үлкен ғалымдарымыз көзден тыс қалдырмағанға ұқсайды. Коммунистік партияның ұлт саясатының қаны тамып тұрған кезеңдерде де қазақ әдебиеті тарихындағы ерекше шоғырлар туғызған әдебиетті ойға алып, халық көлесіне жаратуға күш салған, партия саясатына қарсы да келмей, әдебиетті де жоғалтып алмау үшін өз еңбектерінде қайта айналып соғып отырған ғалымдарымыздың еңбектерін аттап өтуге хақымыз жоқ. (Филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Б.Кенжебаев, Ы.Дүйсенбаев, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі Р.Бердібаев.)

Саясаттың ықпалымен Шығыс әдебиетін үлгі тұтқандығын кемшілігі деп көрсеткен тұстар кездеседі. Бірақ, біз оның бәрін көрін шашқан улы саясаттың салқыны деп қарадық, сол еңбектер біздің ізденуімізге көп көмегін тигізгенін атап өтуіміз керек. Кітаби ақындар

туралы "Қазақ әдебиетінің тарихында" мынадай анықтама берілген: "Кітаби ақындар деп аталып жүргендер - мұсылманша оқып, хат танып, шығармаларын кітаби тілмен жазып, діни араб, парсы сөздерін орынсыз қолданған, сол сияқты татар тілінің элементтерін сөзге көп кіргізген ақындар" [5].

Анықтаманың дұрыс, дұрыс емесігі туралы емес. сол тұста осы ақындардың аттарын еске салуының өзі құнды дерек көзі ғой. "Бұл ақындардың еңбегінің сөзсіз құндылығы - олар қазақ әдебиетінің тақырыптық, сюжеттік арнасын кеңейтіп, оны Шығыс әдебиетінің үлгілерімен толықтыру ісіне себін тигізді. Алайда, сұрыптап ала алмайды. Себебі өздері дінге сенді, діни қағидаларды уағыздауды міндет етті" [6]. Көріп отырғанымыздай, бұл ақындар шығармашылығына баға бергенде, кемшілігі деген тұсында, шын мәнінде, сол ақындардың негізгі мақсатын, шығармашылығының мәнін ашып көрсетіп отыр. Себебі бұл ақындар XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың басындағы "соқтықпалы, соқпақсыз" заманның өкілдері де. оған берілген баға коммунистік партияның цензурасынан сүзіліп шығып отыр емес пе?

Сөзіміздің дәлелін коммунистік партияның Орталық комитетінің 1946 жылы август (тамыз) айында шыққан екі қаулысының мазмұнынан табуға болады. 1946 жылы 14 августте "Звезда" және "Ленинград" журналдары туралы қаулысында Зошенко мен Ахматова шығармаларын басқаны үшін журнал редакторлары ауыстырылып, жазаланды. "Зошенконьң пасық, жалақорлық шығармаларына, Ахматованың түкке тұрғысыз бисаясаттық өлеңдеріне үнемі орын беріліп келеді" [7] деп кінә тағылды.

"Звезда" редакциясы сияқты "Ленинград" журналының редакциясы да шетелдік атаулының бәріне бас июшілік рухына белшесінен батқан бірқатар шығармаларды жариялап, ірі қателер жіберді. Журналдың басшы қызметкерлері біздің журналымыз мейлі ғылыми журналдар болсын, мейлі көркем әдебиет журналы болсын, бисаясаттық бола алмайды деген ленинизм қағидасын естен шығарды" [8].

Осы қаулыдан кейін "шетелдік атаулының бәріне бас июшілік" дегеніңіз үлкен саяси қате болып есептеледі. "Батыстан да алма, Шығыстан да алма, тек орыс әдебиетінен алынсын" деген үстем ой жүзеге асырыла бастады. Оны 1946 жылы 26 августте шыққан ВКП(б) Орталық комитетінің қаулысы анықтанқырап, нықтап орнықтыра түскені көрінеді. Тарихи жырлардың да, өткенді жырлаған ақындардың да, кітаби ақындардың да қокысқа тасталып, жапырағын жайған мол саялы әдебиет сидиып, жатанаптанан қалуына осы қаулылар тікелей әсер еткеніне еш дау жоқ.

Қаулы мазмұнына қараңыз. "Искусство істері жөніндегі комитет пен драма театрларының қызметіндегі ірі кемшілік - олардың тарихи тақырыптағы пьесаларды қоюмен шамадан тыс әуестенушілігі болып отыр. Осы күні театрларда қойылып жүрген ешқандай тарихи және тәрбиелік маңызы жоқ бірқатар пьесаларда патшалардың, хандардың, төрелердің өмірі дәріптеледі.

Театрлардың шетелдік буржуазиялық авторлардың пьесаларын қоюы, шынында, совет сахнасын реакцияшыл, буржуазиялық идеология мен моральді насихаттауға беру, совет адамдарының санасын совет қоғамына қас көзқараспен уландыруға әрекет жасау, сана мен тұрмыста капитализмнің қалдықтарын жандандыру болып табылады", - деп советтік сананы қалыптастыру жолдарын қарастырып, оның шешімін де өз ішінен табады. Қаулының 9 пунктіне қараңыз. "9. Одақтың және автономиялы республикалар театрларының репертуары өте тапшы екендігін және жергілікті драматургтердің сонау бұрынғы заманның тақырыптарымен әуестеніп кеткендігін еске ала отырып, Искусство істері жөніндегі комитетке совет драматургиясының ең жақсы шығармаларын СССР халықтарының репертуарына енгізу шараларын көру міндеттелсін" [9].

Совет драматургиясының ең жақсы шығармалары деген желеумен тек қана орыс әдебиетінің жетекшілігін көтеріп жібергендігі айдан анық. Осы қаулылардан кейін тарихи тақырыпқа да, Батыс, Шығыс әдебиетінен ізденуге де жол жабылды да, оның ызғары, әсіресе кітаби ақындарға тигені түсінікті. Осы уақытқа дейін әдебиет тарихында көпке танымал бола алмай жүргендігі кітаби ақындар шығармаларының нәрсіздігі емес, ғалымдарымыздың салғырттығы да емес, қоғамды билеген саясаттың әсері деуіміз қандықтан. Сөйтсе де кітаби ақындар шығармашылығына көптің назарын аударған құнды-құнды пікірлерді сол кездің өзінде батыл айтқан ғалымдарымыздың есімдерін мақтанышпен атауымыз керек-ақ. Сол ақындарға берілген шынайы бағаны Р. Бердібаев еңбектерінен көптеп кездестірдік.

"... тамаша нақыл насихаттың, шыншыл әлеуметтік шақырулардың адам мінезін түзеу ниетімен туған ғажап ғазалдардың, дәмді дастандардың авторы - кемеңгер ақын

Майлы, кезінде ондаған кітап шығарған, көп өнерпаз қауымға ақылшы аға болған шайыр Шәді, реалистік жазба мәдениеті биік жырларымен күллі қазақ көлеміне танылған Молда Мұса, Шығыс шығармаларын өлкесіне таратқан Ораз Молда, дүлдүл өлеңмен алдына жан салмаған Базар жырау, кезінде Жамбылдың пір тұтқан ақындарының бірі - Құлыншақ, дастан дегеніңізді десте-дестесімен таратқан Нұралы, Фирдаусидің өшпес дастанын қысқа мерзімде қазақшаға түсірген Тұрмағамбет. татымды термелердің жүйірігі Шораяқтың Омары, артына ақындық дәстүр, ұмытылмас үлгі қалдырған Сыр бойының қос Жүсібі, әрі батыр, әрі ақын Мәделі, өмірде де, өнерде де Сері Акберді, қазақ даласын қиссамен камтамасыз еткен Жүсіпбек тұлғалары тізіледі" [10] дегенінде ғалымның бұл ақындар творчествосын терең білгендігін ғана емес, соларға деген ыстық ықыласын да аңғарасын.

Ғалым Ы.Дүйсенбаев та өз еңбектерінде кітаби ақындар туралы жақсы пікірлер жазды [11].

Қазақ әдебиетінің тарихында "Қазақ әдебиетінің Шығыс әдебиетімен байланысы" тарауында белгілі ғалымдар З.Ахметов пен М.Бөжеев сынды ағалар кітаби ақындар шығармашылығына байланысты пікірлер айтады. Бұл ғалымдардың пікірлерінің бағалылығы сонда - жабұлы жатқан мол дүниеге жол сілтеп, солардың біржола жоқ болып кетпеуіне ықпал етті.

Кітаби ақындар шығармашылығының ерекшеліктеріне кеңірек тоқталып, сол асылдарды халық көлесіне таратуға күш салған ғалым Б.Кенжебаев ағамыз екені қазақ әдебиетінің тарихын білетін азаматтардың бәріне аян. Қазақ әдебиеті тарихында "кітаби ақындар" деп танылып кеткен ақындарды ғалым: "Бұлар жаңаны (жана идеяны), ағартушылық идеясын жақтады" [12] дей келіп, бұл ақындарды "Ағартушы ақын-жазушылар" деген пікір айтады. Және сол пікіріне орнықты дәлелдер келтіреді. "Ағартушы ақын-жазушылардың негізгі шығармалары заман, халық, дүние-тірлік, халықтың тұрмыстық, әлеуметтік хал-жайы, мұң-тілегі туралы", - дейді ғалым бұл ақындар туралы. Оларға таңылып жүрген атау "кітаби" деген сөздің дұрыс еместігін былай түсіндіреді: "Кітаби" деген атау ертеде христиан діндарлары арасында дини кітап - "Інжіл" ережелерін бұлжытпай орындауды жақтаған, уағыздаған адамдар жөнінде қолданылған. Оны біздің ХХ ғасыр басындағы ақындарымыз жөнінде қолдану мүлде орынсыз. Кітаби ақын, жазушы деген атау біздің ғалымдарымыз бұл топқа жатқызып жүрген ақын-жазушылардың идеялық көзқарастарын, не көркем әдебиеттік бағыт-әдісін аңғартпайды, кәсібін, кітап бастырып шығарумен айналысқанын ғана аңғартады" [13]. Бұл пікірдің дұрыстығына және осы ақындардың кітаби ақындар деп аталып, шет қақпай көруіне Радловтың пікірі әсер еткен сияқты, қазақ әдебиеті туралы айта келіп: "Халық шығармаларын қарапайым халықтың ауызша таралған өлеңдері мен әңгімелері құрайды, сондықтан да оған қазақ халқының ислам діні әсері тие қоймаған шығармалары жатады. Кітаби өлеңді шығарушылар- молдалар, сауатты қазақтар. Олардың сөз оралымдарында исламның, кітаби тілдің әсер-табы айқын сезіледі" [14] деп, бұл ақындардың шығармаларын "Кітаби өлеңдер" деген атау беріп, қазақтың төл әдебиетінен бөліп қарайды. Жоғарыда байқағанымыздай, осы бөлектеу барлық ғалымдардың пікірлерінде басты назарда тұрады.

Бұл ақындар шығармашылығына ғұлама ғалым М.Әуезов әр кезінде қайта оралып соғып отырады. Соның ішінде әсіресе, осы ақындардың негізгі ерекшеліктерін - қоғамдық наразылықтың жыршылары - деген аса құнды баға беруді атап өту парыз. "Жері кетуші, көп алым-шығын төлеуші, сәудегердің жылмың (достовический) капиталдың сорғысында боп (бұзауы ақша ап) қалушы, жем болушы сол көпшілік болатын. Ол жаналықтан бірде-бір игілік көрген жоқ. Бірақ барлық ауыртпалықты, қорлық пен езгіні көруші сол болады. Міне, Мұрат пен Шортанбай - өлкедегі қоғамдық наразылықтың жыршысы боп шығады" [15]. Кітаби ақындар туралы Ә.Оспанов, Н.Келімбетов, А.Қыраубаева, Б.Әзібаева сынды ғалымдар да пікір білдірді. Бірақ кітаби ақындардың нағыз болмысы қазақ әдебиеті тарихында әлі анықталмай жатқан соны дүние.

#### Ә Д Е Б И Е Т Т Е Р:

1. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. А.1959.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. А.1991.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары. А.1989.
4. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том. 1-кітап.
5. ВКП(б) Орт. Ком. қаулылары.
6. Бердібаев Р. "Гүлстанның бұлбұлдары". А.1970.
7. Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиризмасы.
8. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиетінің тарихы. А.1993.
9. Радлов В.В. Ел қазынасы - ескі сөз. А.1994.
10. Әуезов М. 20 томдық шығ. жинағы. 15-том. А.1984.

### ҚАЗАҚТЫҢ КҮЛДІРГІ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

*Дан анализ казахским народным юмористическим рассказам, высказано мнение о возможности выделения их в отдельный литературный жанр.*

Күлдіргі әңгімелер - халық ауыз әдебиетінің сарқылмас қазынасы. Халық арасында ауызекі әңгіме түрінде таралған күлдіргі әңгімелер өте көп. Ел ішіндегі от ауызды, орақ тілді небір шешен де ділмар кісілердің орайы келген жерде тартынбай, табан астында тауып айтқан небір сөздері бар. Бүгінде осындай авторы белгісіз күлдіргі әңгімелер ғана жиналып, кітап болып шықпай, әдебиет және өнер қайраткерлерінің де реті келген жерлерде айтқан үтқыр жауап, ұтымды ойлары, қара қылды қақ жарар аталы сөздері де жинақталып жеке жинақ болып басылууда...

Қазақ халқы қашан да аталы сөзді ардақтай білетін халық, сол аталы сөздің иесін пір тұтқан халық. Сондықтан да неше бір ықылым замандардан бері қарай келе жатқан, тауып айтылған жүйелі сөздерді осы күнге дейін сақтап келеді. Өз қарақан басы үшін емес, ел мүддесі үшін айтылған сөздер әділетсіздікке қарсы күрестен туган.

Басқа ауыз әдебиеті үлгілері сияқты күлдіргі әңгімелердің авторы да халық. Яғни, халық арасынан шыққан адал жанды, ақ ниетті, адамгершілігі алаудадай, өз қалауын кез-келген жерде қаймықпай айта алатын қарапайым кісілер. Олардың есімдері уақыт өте келе "таныс бейтаныстар" болып қала берген [1].

Халық ауыз әдебиетіндегі күлдіргі әңгіме кейіпкерлерінің іс-әрекеті халықтың үшқыр ой-қиялының негізінен туған. Осы кейіпкерлердің іс-әрекетіндегі күлкілі жағдайлар әр уақытта нақты бір өмірде болған оқиғадан алынған. Күлдіргі әңгімелерде халықтың арман-тілегі, мақсаты, өнегелі өмір шындығының болмысы, қайғы-қасіреті, қуанышы, жалпы алғанда күнделікті тұрмыс-тіршілігі тұтас қамтылады. Ол әңгімелердегі шешен де өткір, тапқыр да ұтымды айтылған сөз жүйелеріне қарап, оны шығарған ортаның талантын тануға, байыппен бағалауға болады. Тапқырлыққа, жүйріктік пен шапшаңдыққа құрылған күлкілі мысал әңгімелердің ел ішінде еш уақытта ескірмей, ұзақ жылдар бойында ұмытылмайтын әңгіме болып келгенін ұлы ғалым М.О.Әуезов көрегендікпен айтқан болатын [2].

Күлкілі сөз - жалпы халық арасында кең қолданыла беретін қазақ ауыз әдебиетінің ерекше жанр үлгісі. Ол ойыншы, дарбаз (канатаход), масқарапаз (клоун), сат-сері, сайқымазақ т.б. халық театры өкілдерінің тәрбиеленіп шыққан ортасы. Қазақтың күлдіргі әңгімелері халық театрымен бір қатарда алғашқы қауым дәуірінен бері үздіксіз жалғасып келе жатқан құбылыс. Есте жоқ, ерте кездің өзінде адам баласы күлкілі сөз бен түрлі ойындарды ойлап тапқан. Ойынды орнына келтіріп ойнаушыларды "ойыншы" деп атаған. Ойыншыларға халықты күлдіру, көңілін көтеру үшін жай қарапайым қимыл жасап қою жеткіліксіз болды. Оған лайықты сөз тауып айтудан бастап, әзіл-оспақтың алғашқы элементі басталады, қашан да сөз тауып айтып, күлдіру кез-келген кісінің қолынан келе бермейді. Ал, Қожанасыр мен Алдаркөсе сияқты кісілер күлдіргі әңгімелер айтып, көпшіліктің көңілін көтерген.

Қазақтың фольклоршы ғалымдары күлдіргі әңгімелерді ел ішінен жинап, құрастырып, жариялап та келеді. Мысалы, Т.Әбдірахманов "Қожанасыр әңгімелері" (1965 ж.), Қ.Әбдіқадыров "Алдаркөсе әңгімелері" (1956 ж.), "Қожанасыр хикаялары" (1977 ж.), профессор Б.Кенжебаев "Тымпи" (1977 ж.), К.Сейдаханов "Өлген қазан" (1985 ж.), Б.Адамбаев, Т.Жарқынбекова "Ел аузынан" (Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз әңгімелер) (1985 ж.), К.Саттаров "Күлдіргі әңгімелер" (1987 ж.), "Сөз тапқанға қолқа жоқ" (1988 ж.).

Қазақ, өзбек фольклоршылары мен ғалымдары М.О.Әуезов, М.Фабдуллин, К.Имомов, Р.Бердібаев, Т.Қожақеев, М.Рахмонов, Х.Раззоков, Б.Адамбаев, Т.Әбдірахманов, Ф.Иудлашева, Е.Тұрсынов, С.Қасқабасов, Қ.Саттаров, т.б. күлдіргі әңгіме жанрының атауы мен жеке жанр ретінде қалыптасуына байланысты зерттеулер жүргізген және жүргізіп келеді. Күлдіргі әңгімелердің басты ерекшелігі қоғамда орын алған алуан кемшіліктерді, адамдардың жағымсыз қылықтарын әшкерелеп, тапқыр да ақылды сөз тауып мойындатуында, өз заманының көкейкесті, өзекті мәселелерін дер кезінде қамтуында.

Тапқыр да шешен айтылған сөздер кімге арналып айтылған? Әрине, елдегі қарапайым халықты қанаушыларға, зорлық-зомбылық иелеріне. Олардың қиянатты істерін, ұятсыз қылықтарын, тоңмойын, жатылпашер жалқаулықтарын әрқашан бетіне айтып, сынап отырған. Тойымсыз, қанағатсыз саудагерлер мен дінді өз пайдасы үшін тиімді әдіске айналдырған қожа-молдаларды әшкерелеген.

Қазақ ауыз әдебиеті үлгілерінің бір саласы - сатира мен юмор. Күлдіргі әңгімелер ұлттық юмор мен сатира жанрының алғашқы бастауы тәріздес. Еңбекші халықтың ғасырлар бойғы өмір тәжірибесінде кездесетін қоғамдық құрылыстағы бостандық, бақыт, жарқын болашақ, еңбек, өсиет, ғимарат, жақсылық, жамандық, алдау, арбау, әділеттілік, намыс, ар-абырой, т.б. осы сияқты құбылыстар юморлық, сатиралық шығармалар арқылы жанды да әсерлі етіп беріледі.

Ертегі, айтыс жанрының қайсысын алып қарасақ та, күлдіргі әңгімелер іштей астасып, байланысып жатады. Уытты мысқыл, астарлы әжуаға толы әзіл-оспақ, сықақтардың ирония түрінде айтылып, біргіндеп сатираға ауысуы ең тиімді тәсіл. Сол себепті күлдіргі әңгімелерді ауыз әдебиетінің өзіндік ерекшелігі бар тәуелсіз дербес жанр деп айта аламыз.

Қорыта келгенде, қазақтың күлдіргі әңгіме жанры ежелгі замандардан келе жатқан мол мұра. Бүгінгі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай, қашан да халықтың қиын-қыстау кезінде өткір тілімен, шешен сөзімен жол тауып кетуі үшін күлдіргі әңгімелердің қызметі аз емес. Күлдіргі әңгімелер өткір ойы мен шебер тілділігі арқылы жастарды өмірге бейімдеп отыратын қасиетімен ерекшеленеді.

#### Ә Д Е Б И Е Т Т Е Р :

1. Бердібаев Р. *Эпос - ел қазынасы. Халық ауыз әдебиетін жасаушылар мен димытушылар*. Алматы, Рауан, 1995, 282-бет.
